Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

Жаркент Айнасы

№15 (17), 16 тамыз, жұма, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru

ОРДАЛЫ ЖЫЛАНДЫ ОЙНАТҚАН ДҮЙСЕН БАҚСЫ

Адам баласы жаратылыстың құшағында тылсым құдіреттің әсерімен табиғат аясында өмір сүріп жатыр. Адам бойындағы әрбір құбылыстың бізге белгісіз өзіндік бір қозғаушы күші ішкі тетігімізге ықпал етіп, ал, ол әрекеттер біздің еркімізден тыс басқа адамдар таң қаларлық әрқилы қимыл – әрекеттер жасауға итермелейді.

Ғалымдар қазіргі ғылым мен техниканың белгісіз құпияларын сандап, мыңдап ашып беріп жатқанмен де табиғаттың бір бөлшегі болып табылатын, онда да ең саналы болып жаратылған адамдардың бойындағы көз көріп тұрса да, көңіл сенбейтін түрлі қасиеттердің болу сырын ашып бере алатын емес. Олар жүздеген жылдар бойы адамдарды анатомиялық, медициналық, психологиялық тағы да түрлі жақтарынан тәжірибе жүргізу арқылы бақылап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатса да, адамның әртүрлі қасиеттерге ие болу сырының құпиясын ашу шешілмейтін жұмбақ болып қалып отыр. Адам бойындағы қасиеттер дем сағатта да пайда болып, кейде жоғалып кетіп отырады. Адам табиғаттың құпия құбылысты жаратылған нысаны болып тұр.

Табиғат аясындағы саналылық тек адамға ғана тән нәрсе. Жер планетасындағы дүние қаншама рет қирап, бұзылып, топан су басып, содан кейін тыныштық орнап, қайта түлеп, тіршілік жанданып, көркейгенін бақылап, ой сүзгісінен өткізіп, зерттей алатын жағдай тек адамдарға ғана тән әрекеттер. Табиғаттың өзіндегі жан – жануарлар, жәндіктер, теңіз астындағы тіршілік иелері – бұлар қарапайым бар нәрселерді тұтынушылар ғана. Оладың жер асты, үстіндегі құбылыстарды, өзгерістерді сезіне білгенімен қандай да бір іс – қимыл қарекеттері арқылы өзгерте алатындай ықпалы жоқтың қасы. Сондықтан да алапат апат кезінде жер сілкінгенде, сел жүргенде көп шығынға ұшырап, қырылып кететін де шарасыз жағдайда қалып, опат болатындар да осылар. Ал адам баласы ақыл – ойымен, еңбегінің тынымсыз іс – әрекетінің арқасында табиғаттан өзіне қолайлы жағдай жасау арқылы өмір сүруін қамтамасыз ететін дүниелерді жасауға икемді. Ғалымдардың ғылымның кез-келген саласында ашқан жаңалық атаулысының түпкі мақсаты осыған әкеліп саяды. Табиғаттың тылсымының ішінен ғажайып белгісіз сырларын ашқан сайын адамның белгісіздікке деген ұмтылысы, құштарлығы өсе түседі.

(Жалғасы 6-бетте)

АҒАНЫҢ «АҚ ЖАЙЛАУЫ...»

Шілденің 11-жұлдызы ертеңгілік сағат ондар шамасында келісілген уәде бойынша Көктал ауылындағы Өкіл әкемнің үйіне келіп түстім. Аулада үш-төрт көлік қатар тұр, жолға дайындық жасап жатқан Әдепхан аға (*Өкіл әкем*) мен ұлдары Айбын, Ақберендер амандасып қарсы алды. Хал-жағдай біліскеннен кейін әр нәрсені бір әңгімелеп тұрғанымызда Айбын ағаның қалта телефоны шыр ете қалды, телефонды сөндіріп жатып:

– Қонақтар келіп қалды, алдынан шығайық, – деді елгезектік танытып.

Асығыс «Нива» көлігіне отыра қалып Әдекең, Айбын аға, мен үшеуміз Көкталдан Алматыға қарай шығатын айналма жолдан үш жүз қадам жердегі ағаш көлеңкесіне көлікті ыңғайлап қойып қонақтарымызды күттік. Күн қызуы күшіне ене бастаған кез, көп ұзамай-ақ, қасымызға іркес-тіркес келген джип көліктері алыс жолды еңсеріп келе жатқанын байқатқандай екі иінен дем ала тоқтады.

Жарқын жүзбен арқа-жарқа болып көліктен түскен меймандарды Алаштың ардақтысы, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері Бексұлтан Нұржекеұлы ағамыз бастап келеді. Жанында қазақтың біртуар танымал қаламгерлері – халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қадірбек Сегізбаев, белгілі баспагер Иген Қасенов пен кәсіпкер ағамыз Амантай Көдеков және ән өнерінде Жетісудың бұлбұлы атанған Данеш Рақышевтың шәкірті, елімізге танымал әнші Нұржан Жанпейісов пен Бекеңнің ұлы Бейбіт, оның досы Әділханды қонақжайлылықпен қуана қарсы алдық. Амандық сұрасқаннан кейін біз бастап, ауылдың қақ ортасындағы кафеге апаратын жолға түстік. Меймандостық ниетте арнайы дайындалған дастарханнан дәм татып түстенген біздер, көліктерімізбен солтүстік бағыттағы Жетісу Алатауының тарихи және көрікті жерлерінің бірі, аймаққа әйгілі Белжайлауға қарай жүріп кеттік.

Жолдың жайсыздығына қарамай алған қарқынымызбен зуылдаған қалпы Китіңнің суынан өтіп, Үш Шыңырауды артқа тастап, Белбұлақтың суына келіп бірақ аялдадық. Күре жолдың оң жағындағы сәл төменіректе - Ақберенің өзі бұрынырақта алғаш көзін ашып, айналасын таспен қалап қойған мөлдір қайнардан су ішіп, демімізді бастық. Қызы Бота мен ұлы Мәртаудың қуанышында шек жоқ, біздерді кезекпен суретке түсіріп әлек. Сәл кешігіңкіреп келген қонақтардың екі көлігі ысылдаған қалпы бізден өтіп барып жоғары таман тоқтады. Көліктен түсіп жан-жақтарына таңдана көз тастаған олар, ұйыған аяқ-қолдарын жазып бастаудың мөлдір суынан шөл басып, бойларын сергітті. Айналаны асықпай көз қырымен бір шолып өтіп, ойлы қалпында сөз бастаған Бексұлтан аға, сол қолымен батыс жақтағы үлкен сайды нұсқап:

– Аштық жылдары біздің үй осы маңда отырыпты, аштықтан ісініп қайтыс болған адамдарды да алғаш осы жерде көрген екен, – деп өткен ХХ ғасырдың 31 – 33 жылдары қазақтың басынан өткен нәубетті жылдарды есіне алды.

Жолаушылап келе жатқан кісілеріміз айналадағы үлпілдей соққан майда желмен, жасыл желек көмкерген тау-тасқа, қапырығы жоқ таудың салқын ауасына қарап таңданыстарын жасыра алмай тұр. Осы бір жанға жайлы әдемі сәтті жіберіп алғысы келмеген меймандарымыздың қалта телефондары мен фотоаппараттары кезек-кезек сартылдап жатты.

Бой сергіткен сәл кідірістен соң жиналып, сапарымызды ары қарай жалғастырдық. Алдымыздағы дөңнен асып түсіп, Аяқсаздан ары қарай, сол қапталымыздағы – Құсмұрын, Сырлытам, Суықсай, Басатқарағайдың тағы басқа жайлаудың көрікті жерлерінің көркін көзімізбен көріп, жанымызбен сүйсіндік. Міне, тарихи орын Үйгентастың беліндегі Жоңғардың Батур хонтайшысының 50000 әскеріне 600 сарбазбен қасқайып тұрып қарсы шыққан қазақтың әйгілі қолбасшысы Салқам Жәңгір хан зиратының басындағы ескерткішке келіп жеттік. Дәл ортада көлемді болып жаужүрек ханның, айнала ел мен жері үшін жанын қиған қазақ сарбаздарының бейіті орналасыпты. Көліктен жапатармағай түскен біздер ата-баба әруағына құрмет жасап тізе бүгіп тәу еттік, Иген аға құран оқыды. Сонау Алматыдан келген Қадірбек пен Иген ағамыз Белжайлаудың көркіне тамсанып тұрып:

– Әруағыңнан айналайын жарықтықтар-ай! Мынадай жер үшін жан қимау, сірә да мүмкін емес-ау, – деп бабалар рухына деген ақжарма ниеттерін білдіріп жатты. Сәлден кейін рәсім аяқталған соң қайта жолға шығып, алған бағытымыздан жаңылмай Аршалы беткейдегі Әдекеңнің балалары әдейілеп біздерге арнап тіккен қос ақ боз үйлердің жанына келіп бірақ тоқтадық.

Міне, ғажап! Жайлау деп осыны айт! Айналаға қарасаң көз тоймайды, тау – тас, сай – сала, шетсіз – шексіз жап – жасыл әлем. Солтүстік жағыңа қарасаң қар басқан ақ бас шыңдар қол созым жерде ғана тұр, оңтүстігің арша мен қарағайға толы. Көз жетпес зеңгір көк, таза ауа, аялап ескен таудың салқын самал желі, көз ұшында сағымға араласқан көкжиек, бейне бір жұмақ дерсің... Бірімен-бірі іркес-тіркес болып араласа жайылып жүрген үйірлі жылқы, отарлы қой, табын-табын сиырлар. Бәрімізде осынау табиғаттың ғажайып сұлулығы мен тіршілік қамқарекетінің өзара астасқан кейпіне, олардың бойжеткен бұрымындай өрілген әдемілігіне, көз сүріндірер сұлулығына тәнті болып әдеттегіден өзгеше ғаламат бір күйге бөлендік. Ертегіде айтылатын ғажайып жер жәннәтына келгендей таңтамаша әсерде тұрған біздерді малшы жігіт Шалқардың семіз бір марқаны жетектеп келіп, «Әумин!» деп, бата сұрауы үзіп жіберді. Енді бәріміздің назарымыз солай ауып, тізе бүккен күйі Иген ағаға қарадық, лезде түсіне қойған ағамыз қолын жайып ақ батасын жаудыртты.

Қонақ үйге жүгімізді қалдырып, ас ішіп уақытша демалатын екінші ақ боз үйге беттедік. Асқа толы берекелі дастарханға келіп, жасымызға қарай жайғасқанымыз сол-ақ екен алдымызға иісі бұрқырап қымыз келді. Жолсоқты болып шаршап, шөлдеп келген біздер балқымыздың кесесін бірінен кейін бірін төңкердік. Балқымыздың құдіреті көкірек сарайымызды ашып, алпыс екі тамырымызды сүйсінтіп, өн бойымызды рахатқа бөледі. Бексұлтан, Иген, Қадірбек секілді қаламгер ағаларымыздың қағытпа сөздері мен әдемі қалжыңдары бірінен соң бірі ағытылып жатты. Арада, Қадекеңнің:

– Анамның ақылды етіп туғаны қандай жақсы болған, әйтпесе мен де отырар едім сендерге ұқсап, – деп екі досын меңзегені бәріміздің ішек-сілемізді қатырды.

Отырсымыздың соңы Нұржанның орындауындағы Дәнеш Рақышевтің «Белжайлау», «Жан – жақтағы бауырлар», «Сағындым ғой» әнінен басталып «Баянауыл» тағы басқа халық әндеріне ұласты. Қызықты әңгімелер мен әдемі әуеннің буында отырып уақыттың түн ортасынан ауғанын да байқамай қалыптық. Бата жасалып дастарханнан тұрдық, айтылған тамаша әндердің әсерінен арыла алмаған күйі қонақ үйге келіп демалуға жаттық. Жастыққа басымыз тиісімен-ақ бәрімізде қалың ұйқы құшағына сіңіп кеттік.

Кешегі күні ұзақ жол жүріп, кеш ұйықтасақ та ертеңгісін көтеріңкі көңілкүймен ерте ояндық. Ойпырмай, бұл да болса қазақ жайлауының кереметінің бір қыры болар, өзімізді жеп-жеңіл, сергек сезіндік. Таудың саф таза ауасы көкіректі кернейді, оңтүстіктен соққан самалмен беткейден келген аршаның жұпар иісі танауыңды қытықтап бүкіл денеңді балқытады.

(Жалғасы 4-5 бетте)

ШАЙМЕРДЕН АҚЫН

Ұмытпасам 1993 жылы болуы керек, жұмыс кабинетіме алпыстарды алқымдап қалған алпамсадай ірі денелі адам кіріп келді. Әсіресе, өзіне ерекше жарасатын шалғы мұрты есімде қалыпты.

- Исеке, Шаймерден деген ағаң боламын, - деді жайғасып отырған соң, мұртын алақанымен бастыра сипап.

Ауданымыздағы Үшарал ауылында Шаймерден деген шопан бар екенін, өзі айтыскер ақын екенін естігем. Бетпе-бет көріп таныспаған едім.

- Шаймерден ақын боларсыз?, - дедім өңіне сұраулы жүзбен қарап.

- Қателеспедің, бірақ мен өзімді ақынмын деп айта алмаймын. Үшарал колхозының қойшысымын. Той-думанда қолыма домбыра алатыным бар. Сонымды көрген ел «Шаймерден ақын» деп дардай қылады.

Кең иықты, палуан денелі, қарлығыңқы дауысты бұл адам туралы сол Үшарал ауылынан шыққан айтыскер ақын, кейін обылыстың бас ақыны аталған Қален (Тәжібайұлы) ағадан естіген едім.

- Аға, сіздің өзіңізді бүгін көріп отырсам да, дабысыңызды бұрын естігем. Көруге құмар едім, келгеніңізге қуаныштымын. Ал енді кім-кімнің де ақын ба, пақыр ма, бағасын беретін алдымен уақыт, содан кейін халық емес пе? «Жақсылар жақсымын деп айта алмайды, жамандар жақсымын деп айқайлайды» деген ғой.

- Солай демесең ақын болармысың, келістіріп айттың інім. «Күн шықпаймын десе де, таң қоймайды» дегендей, ақын емеспін десем де көңіл толқыса кеудеге өлең құйылып маза бермейді. Содан кейін жаман арапшаммен бірдеңелер түртіп қоямын.

Өзің естіген боларсың, біздің Үшаралдың Көлжайлауында «Қыз ұя» деген құз бар. Сол аңызды өлеңге түсіріп жазғаным бар еді, саған соны көрсетуге әкелдім, - деп оқушы дәптеріне оқушының қолымен жазылған өлең ұсынды.

Осы «Қыз ұя» аңызының тарихын да Қалекең (Қалан аға) айтып берген еді. Ол кісіге Шәкеңнің өзі айтыпты.

1994 жылы Үшарал колхозының сол кездегі басшысы Нұрсейіт Сауранбаев «Аралдағы ауыл сыры» атты кітабын берді. Кітап 1993 жылы Алматы, «Жалын» баспасынан шығыпты. Әдеби өңдеген жазушы Оразбек Бодықов. Осы кітаптың «Қыз ұя» атты бөлімі осы Шаймерден аға туралы. Шәкең жөнінде де, ол айтқан аңыз жайында да қызықты да, көркем жазылған. Алайда, Шаймерден ағаға жолыққан кезде мен ол кітап туралы хабарсыз едім. Әңгімені Шәкеңнің аузынан естігенде, жазылған дастанын оқығанда керемет әсерлендім. Туған жерімнің маған беймәлім құпияларының көптігіне сүйсініп, тәнті бола түстім.

Шәкеңнің айтуынша аңыз былай өрбиді.

...Ертесі бақылады қыран құсты,
Қараса қыран құстың түсі сұсты.
Арқастың бүркіттері сары қоңыр,
Байқаса мына бүркіт ала түсті

Қосшыбай аңшы Алатаудың ақиығын бірден тани қояды. Мырзасынан сүйінші алмақ болып көргенін түгел баяндайды.

Мырзасы бүркіт құмар, қатын құмар,
Мойнына зұлымдықтан таққан тұмар...

Мырзасының содырлығын да, айтқан бетінен қайтпайтын озбырлығын да білетін аңшы балапанға сыйлық алу үшін көрген жеріне ертіп барады.

Түрленіп балапан тұр ұясында,
Жартастың жан бара алмас қиясында.
Қыранның түр-тұлғасын көргеннен соң,
Деліқұл құмарпазың шыдасын ба?

Қыранның балапанын алу үшін Бөрібай атты жетім жігітті құздан түсірмек болады. Жігіттің Ақылқалған деген жалғыз қарындасы бар еді.

...қыз ойланып-толғанып,
Бауырына келеді,
Келіп сөйлей береді...
Сен кетіп, тірі мен қалсам,
Тұс-тұс жақтан анталап,
Әкетер мені жем үшін,
Әкеден ұрпақ қалсын деп,
Айтқанын солар алсын деп,
Құрбандыққа бауырым,
Мен барайын сен үшін.
Келіп тұрмын сол үшін.
Жалғастырар әкенің,
Құйрығы мен жалысың.
Шаңырағын құлатсаң,
Тастаққа шаппас қазтабан,
Сиыр сүбе жабысың.., - деп сөзге көнбеген ағасының намысын қайрап қатты-қатты айтады ару қыз. Ақыры балапанды алуға қыз барады. Қыздың көркіне қызығып, мырза:

...тұғырға қыран құсты қондырған соң,
Айым да сен болмақсың жарқыраған.
Сөзімді қабыл алсаң Ақыл қалқам,
Отауда отырғызам алтындаған, - деп тоқалдыққа алмақ ниетін ашық білдіреді. Мырзаның зұлымдығын білетін қыз өзін де, ағасын да бұл бәледен құтқаруға бекем бел буады. Бұған дейін пенде аяқ баспаған құзға арқан байлап құлдилап түскен қыз, балапанды арқанға байлап жіберіп, өзі ұяда қалып қояды.

...Жасылкөл жайлауына бара қалсаң,
Зарын шертер Қыз ұя есіңе алсаң.
Қызды жұтқан меңіреу жартасы тұр,
Сөзім шындық оқушым, қабыл алсаң, - деп аяқталады бұл аянышты оқиға.

Дастанды баспасөзге ұсыну керектігін айта бастап едім, ол кісі сол мәселемен келіп отырмын деп жадырай күлді.

- Исламғали інім, біздің Әпсүгірден (ру аты) шыққан Шойнақ батырды өзің жақсы білесің. Суанның Елтінді, Бағай, Аралбай, Сатай, Бөлек батырларының қатарында осы Шойнақ та бар.

Шойнақ Тезек төренің тұсында, Қожбанбет бидің қасында жүрген адам. Батырлықпен бірге көріпкел, алдағыны болжап айтатын әулиелігі де болған екен. Ол туралы ел ішінде аңыз боп кеткен әңгімелер көп. Соларды шамам келгенше жинақтап жүр едім, - деп арап ғарпімен жазылған қолжазбаларын көрсетті.

Бекбауылдан бата алып,
Шойнақ батыр атанып.
Он жетіде ту алған,
Найза сілтеп жауына,
Қылышын қанмен суарған.
Дұшпанға шапса «Шойнақтап»,
Көкшұбары ойнақтап,
Атаңа нәлет қалмақтың,

Өң-түсі қашып, қуарған.., - деп жырлайды ақын батырдың ерлігін. Көкшұбар атты Ер Шойнақ та Райымбек батыр тәрізді өз атын өзі ұран еткен тұлға еді. Кейін батырдың есімі рулы елдің ұранына айналған.

Шойнақ бабамыз туралы ел аузынан жинаған әңгіме аңыздары да өз алдына бір төбе. «Шойнақ қалай Шойнақ атанды», «Сыннан өту», «Шойнақтың ұран таңдауы», «Қоянбайдың батасы», «Сүлікқара хикаясы», «Дос табу», «Әулиелік», «Өз елі, өз жері үшін», «Байсуанның батасы», «Балаларын сынауы», «Тезек төрені құтқаруы», «Көзсіз ерлік», «Шойнақтың қызы», «Шойнақтың өз өлімін болжауы» т.б. әңгімелері қызықпасыңа қоймайды.

Бағанағы бағанағы ма, енді ойда-жоқта қазынаға жолыққан адамдай мәз болдым. Арапшаны оқи алмасам да қолыма алып, аялап сипалай беріппін әлгі қағаздарды. Менің бұл қызығушылығыма шынымен риза болған аға, көзі күлімдеп, жүзі жайнап сала берді.

- Сенің осылай қабылдайтыныңды сезіп едім. Ақынды ақын қараласа болмайды, ақынды ақын жараласа сол қайғы деген ғой, - деді Мұқағалиды сәл өзгертіп. - Бір-біріміздің онсыз да жараланып жүрген жанымыздың қанын ағыза бермей, түсінісуге тырысқанымыз абзал ғой. Сен туралы қателеспегеніме қуанып отырмын.

Ал Сәке, - деді, менің жасым кіші болса да құрдасымен сөйлескендей кішіпейілдікпен. - Жаңағы өзіңе айтқан «Қыз ұяны» сол Шойнақ бабамның әңгімелерімен қосып кітап етіп шығарсам ба деген ойым бар еді.

- Әрине аға, бұл ойыңыз тамаша екен. Демеуші іздестірейік. Қолымнан келгенше көмектесем, - деп шынайы қуанышымды білдірдім. Былтыр ғана өзіңіз білетін «Егіз қаламымды» аудандық «Азат қозғалысының» төрағасы Мәлік аға (Балғабаев) демеушілік жасап осы аудан баспаханасынан шығардым. Мүмкін, Әдекеңмен (баспахананың директоры Әділжан Сегізбаевты айтам) сөйлесіп көрерміз?

- Рахмет, мен өзім де тырбанып көрейін. Ұрпақтары Шойнақ бабамызға арнап ас беріп, басына белгі тас қоямыз ба деп қамданудамыз. Келесі жылды көздеп отырмыз. Біздің есебіміз бойынша Шойнақ батыр 1800 жылы дүниеге келіп, 1870 жылы жетпіс жасында дүниеден қайтқан. Келесі жылы 195 жыл болады.

Жігітеков Ерғалиды танисың ғой, ол сені бөлем деп отырады, сол жігіт күш салып ұйымдастырып жатыр. Біз қолымыздан келгенше көмектесудеміз. Сол Ерғали, бабамыз туралы және әпсүгір шежіресін қосып Алматыдан кітап етіп шығарсақ деп отыр. Оның бұйырғанын көрерміз.

- Мынау бір орайы келген іс екен. Шәке-аға, солай істеуге тырысыңыз. Бабамызға берілетін астың өшпес белгісі болып басына қойылған тас пен осы кітап қалады.

- Дұрыс айтасың. Менің саған келгендегі айтайын деген ойым мынау еді.

Қожбанбет би өзіңнің нағашың. Тезек төренің он екі биінің төбе биі болған адам. Тезектің тілін тауып еліміз Жаркент өңіріне қоныстануына ұйытқы болған дейді. Ол жайлы әңгімелерді менен жақсы білесің деп ойлаймын. Мен қойшымын. Көлжайлауда қой бағып жүріп, ой да бағып жүрдім. Неше түрлі қиял келеді басқа. «Қыз ұя» дастаны жайлы да сол жерде ойыма оралған. Бұл ежелден келе жатқан аңыз екен. Жасымда далаға емес, қалаға жақын жүргенімде ешкімнен кем емес ақын болар ма едім? Енді қарайып қалдық. Мен Қожекең туралы ойларымды саған жазып әкелейін, сен өз ойларыңды қосып қомақты бір дүние жаз. Марқұм бабамыздың аруағы риза болсын, - деп, не дейсің дегендей бетіме сұраулы жүзбен қарады.

- Шынымды айтсам, бұл жөнінде ойланбаған екем. Сіз ой салдыңыз. Дегенмен идея сіздікі, өзіңіз жазып көріңіз. Ана «Қыз ұяны» тәп-тәуір жазып шығыпсыз ғой, тек, аздап өңдесе жетіп жатыр, - дедім.

- Оны өңдетпеймін, қалай жаздым, солай кітапқа берем. Өйткені, біреудің ісін біреу жасағанды ұнатпаймын. Жақсы болса, жақсысын, жаман болса, жаман атын тек өзің ғана көтеруге тиіссің, - деді аға нық үнмен. Бұл сөзінен тау қазағының қыран мінезі байқас бергендей болды.

- Ал, Қожекең туралы сен жаз. Мен өзімнің ойларымды саған айтып та, жазып та берем. Демек ол кісі туралы білгенім мен естігенімді түгел баяндаймын, ішінен керегін аларсың.

Бұл ойды маған баяғыда, алпыс тоғыз-жетпісінші жылдар ғой деймін ұмытпасам, Қоңырөлеңге жолым түсіп барғанымда сенің туған нағашы атаң Құлбек баласы Өмірәлі аға айтып еді. Жазуға тәуекелім жетпей санамда жүрді де қойды. Енді міне, жиені саған мен аманаттап отырмын, - деп күлді Шәкең.

- Аманатыңыз ауырлау екен. Қолымнан келсе, ойланып көрейін, - деп едім:

- Ойлан, ойлан да толған. Саған сеніп айтып отырмын. «Егіз қаламыңды» оқып риза болған соң, сенің қолыңнан келеді деп айтып отырмын, - деп Шаймерден аға қалтасынан көлдей орамалын алып тершіген маңдайын сүртті.

1995 жылы қыркүйек айының соңына таман Шаймерден ағамен тағы жүздестім. Тоғызыншы қазанда бабасына ас беру қамымен жүр екен.

- Нұрсейіт ағаның кітабынан өзіңіз туралы оқып қуанып жатырмыз, құтты болсын! «Қыз ұяңыз» туралы да, өзіңіз туралы да тамаша жазылыпты, - деп қолын алдым.

- Ия, өзім де қуаныштымын. Атың кітапта жүрсе жаман ба! Алайда сол менің саған айтқан жоспарымды бұзып кетті. Бабамыздың тойында шығатын шежіре кітапқа «Қыз ұяны» қоса алмайтын болдым. Оған «Шойнақ батыр» дастанымды бердім, - деді.

- Неге аға, екеуін де бермедіңіз бе? – деп қабақ шыттым.

- Түгі жоқ адамдай бір өлеңімді қайталап оған да, бұған да бастыра беруден ұялдым, - деді бала мінез ақын. Тау адамының тағы бір қырын байқағандай болдым аға сөзінен.

- Жүр, кітапқа кіргенімді жуып берейін, - деді аға орнынан тұруға ыңғайланып.

Өлеңі жарыққа шығу, немесе өзі туралы пікір жазылу, далалық ақынға да, қалалық ақынға да бірдей ортақ қуаныш. Оған қуанбайтын қаламгер жоқ та шығар. Шаймерден аға да сондай көтеріңкі көңіл күйде еді.

- Жұмыс уақыты ғой, кейінірек болмаса, - деп мен де кетәрі емес екенімді білдіріп жатырмын.

- Ендеше жұмыстан кейін болсын. Менің де біраз шаруам бар еді, соны аяқтап келейін, - деп аға шын пейілін білдірді...

Шойнақ бабамыздың асы Арқас Алатауының етегіндегі Бұрхан – Кесік деген жерде берілді. Ол туралы 1996 жылы Алматы, Жоғарғы Кеңес баспасынан жарық көрген Шаймерден Жаманқараұлының «Шойнақ батыр, әулие» атты кітабында толық қамтылып айтылған соң мен қайталап жатпайын.

Ол кітапта батыр туралы ел аузынды жүрген мәліметтерді Шәкең барынша жинап, сонымен бірге «Шойнақ батыр» атты өзінің дастанын жариялаған.

Өмір-ай десеңізші, ата-баба алдындағы азаматтық парызын адал атқарған асыл ағаның өзі де бүгінде бақиға аттанған. Аталмыш кітабын маған өз қолымен тапсырып тұрып,

- Інім, шамамның жеткені осы болды. Айтыс кезінде айтқандарым сол айтыспен кетті. Оларды жазып алудың жөн-жосығын ұқпадым. Есімдегілерінің уақыт өте көбі ұмыт болды. Көкірек шіркін сайрап тұр, жазу қолды байлап тұр деген осы. Өзім арап қарпімен жазам. Қысы-жазы мал соңында көшіп-қонып жүріп жазғандарым әр жерде қалды, - деді мұң шаққандай өкінген кейіппен. - Құдай жар болып Нұрсейіттің кітабында қалдым. Оразбек бауырым айтқыш-ақ екен, майын тамызып айтыпты, Бәріне рахмет. Енді сенің Қожбанбет би туралы жазып біттім деп сүйінші сұрағаныңды күтем. Алла бұйырса сол күнге аман жетейік, - деген еді қайран Шәкең.

Амал не 2004 жылы бастап 2011 жылы 4 қыркүйекте аяқталған «Қожбанбет би» атты тарихи дастаным жарық көргенін көре алмады. Асыл ағамнан сүйінші сұрай алмадым. Жатқан жері жаннат, топырағы торқа болғай.

Исламғали ЖАРКЕНТИ
ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

АДАМДЫҚ ЖҮКТІ АРҚАЛАП...

Қолыңа қалам алған шақтарда адамдық қасиетімен, іскерлік қарым-қабілеті қабысқан, толысқан адамды өмірдің өзі тұстастарынан оқ бойы озық шығарып тұрғандықтан ерекшелігін мадақтап жазуға да лайықты баға таппай қалатын сәттер болады. Мақсаты айқын, озық ойлы адам қашанда өзінің жоғары деңгейдегі мәдениеттілігімен көрініп тұрады. Ұзақ жылдардан бері өлкеміздің жан-жақты өсіп өркендеуіне бойындағы барымен, ынта-жігерімен, онда да педагогика саласында атқарған айтулы істерімен көзге түсіп жүрген «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» Ғалымжан Қалиұлы Рысбаевтың ұзақ жылғы толымды еңбегіне көз жүгірткіміз келіп отыр. Қоғамға рухы биік, ой-санасы таза ұрпақ оқытып шығару, ертеңгі күні елге, жерге құрметпен қарап, қасиеттеп, адал еңбек етіп, үлкенге ізет білдіріп, кішіге қамқорлық көрсете алатын болашағымызды тәрбиелеу мәдениетін түйсігімен түсінетін жан ғана мектеп деген білім мекенін ешқашан тастап кетпейді.

Салиқалы, сабырлы жасқа келіп, алпыстың төріне шығып отырған Ғалекеңнің өмір жолы өнермен біте қайнап, астасып жатыр. Сонау 1980 жылдардың басында Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетін бітіріп, одан кейін Кеңес әскері қатарында Отан алдындағы азаматтық борышын атқарып келіп, өзінің ақ бесігі Сұптай ауылындағы сауатын ашқан, білімге сусынын қандырған мектептен ұстаздық жолын бастады. Ойына алған жұмысын жүзеге асырар алдында «жеті рет өлшеп, бір рет кесетін» өлшемділік әдетті Алматы қаласындағы жеңіл өнеркәсіп министрлігінің жобалау институтында инженер-конструктор болып істеген жылдарында бойына сіңірді.Ал, өнеркәсіп саласы маманының оның ішінде инженер-жобалаушының жіберген қателігі қаншама зардаптарға әкеліп соғатындығы белгілі. Ғалымжанда шәкірт тәрбиелеуде оларға өміріне бағдаршам болатындай, жаза баспайтындай ар мен адамгершілікті жоғары ұстайтындай білім беру қажеттілігін әрдайым ойынан шығарған емес.

Білімге қадам басқаннан қоңырау сыңғырын алғаш естіген мектебінде сызу және бейнелеу өнері пәні мұғалімі қызметін атқара жүріп, қолы қалт еткен кездерінде шығармашылықпен айналысты. Сол жылдары «Әке», «Ана» портреттері дүниеге келді. Натюрморт, пейзаж жанрларына да қалам тартты. Жоғары талғаммен салынған бұл жұмыстары кейіннен көптеген сурет көрмелерінің экспонаттарына айналды. Сурет ке бейімі бар өзін қоршаған табиғаттағы өзінен басқа өзге адамдар байқай алмайтын байқағыш, сұлулықты ажырата алатын балаларды жинап, солармен жұмыс жүргізді. Өзінің және оқушыларының салған шығармаларын әр түрлі көрмелерге ұсынып отырды. Мақсаты суретке құмар, талпынысы талапқа ұштасқан шәкірттерінің нәтижелерін көрсету, жұртшылыққа насихаттау, олардың арман-қиялдарына қанат байлау еді. Бұл аядағы еңбегі де өнімді болды. Шығармалары әртүрлі тақырыптармен өткізілген аудандық, облыстық, республикалық көрмелерге қойылып, лайықты бағаларын алып, каталогтарға енгізілді.

Заманымыздың сөз өнерінің асқан шебері Ә.Кекілбаевтың мына бір сөзі тереңде жатқан асыл тасты толқыта шығарғандай, «Өнерде шәкірттік сезімін ұмытқан адам ұстаз да бола алмайды». Төңірегіндегі оқытқан ұстаздары мен еңбектес әріптестерімен қояң-қолтық араласа, сыйласа, сырласа да алатын, ұяң мінезді Ғалекең ұжымның сеніміне ие болып 1987 жылы Сұптай орта мектебіне директор болып бекітілді. Кей шақтарда ауыл іргесінде арқырай ағып жатқан тасты өзектегі өзеннен, ақ басын қар шалған Тоқсанбай жотасының қарағайлы белдеріне қарап өткен өміріне көз жіберіп уайымсыз желбіреген жастығын еске алатын. Есейе келе кейбір жауапты шақтарында атқарған, халыққа қызмет жасаған кездері де есінде тұрар еді. 1999-2004 жылдары халық сенімін арқалап ауылдық Кеңеске депутат болып сайланып, ел үдесінен шыға жұмыс істегені де есінде. Мұны бүгінгі күні ауыл тұрғындарының бірі білсе бірі білмейді де. Педагогика саласындағы жаңашылдық жұмыспен көзге түскен, әрі жастармен жүргізген көптеген елжандылық істері аудандық, облыстық баспасөз беттерінде мақалалар ретінде көрініс тапты. «Қап түбінде біз жатпас» дегендей осындай көрнекілікті қызметін ескерген білім бөлімінің басшылығы 2005 жылы Ғалымжан Қалиұлын Н.Головацкий атындағы орта мектебіне директор етіп бекітті. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын адам, кез-келген ортаға жылдам бейімделетіні белгілі, әрі сырт көз сыншы деген аталы сөз тағы да бар. Мектеп ұстаздарының шығармашылықпен жұмыс жасауға бейім екендігін жылдам аңғарған басшы оқу-тәрбие жұмысына білек сыбана кірісті. Мектептің жұмыс жоспарын құрудың графикалық үлгісін, аудан мектеп директорларының Кеңесінде оларға тәжірибе ретінде ұсынып, жаңашылдығымен бөлісті. Бұл өзінің болашақтағы қорғайтын ғылыми-педагогикалық диссертациясының тақырыбы еді.

Оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде өзінің сүйіп айналысқан самбо, дзюдо сияқты спорт түрлерінен КСРО спорт шеберлігіне кандидаттығы кәдімгідей көмегін тигізді. Кезінде ауылда Жаркент қаласындағы спорт мектебінің күрес секциясының филиалын ашып, оқушыларын салауатты өмір салтын ұстануға ықпал етті. Осы жылдары шәкірттері облыстық, республикалық турнирлерге, спартакиадаларға қатысып жүлделі орындар алып жүрді. Өздерінің директорларының спорт залда жаттығып жүргенін көрген кейбір оқуға селқос қарайтындарға бұл әрекеті ой салып, оларда ағайларын төңіректей бастады. Жақсының ісін көріп сүйсіну, сабақ алу, тәлімін алуға ұмтылыс қазақ балалары арасында үзілмейтін үрдіс қой. Күнделікті сабақтарға, әртүрлі шараларға қатысу, ата-аналармен болашақтағы атқарылатын істерді ақылдасып отыру жұмысы, мұғалімдермен ең маңызды тақырыптарды талқылайтын педагогикалық кеңестен басқа жиналыстардан кейін де сәл тынығып алып, жеке шығармашылығына бас қоятын. Тыныңу кезінде өзі сүйіп оқитын ақындардың өлеңдерінде жаттап отыратын. Ұлы Абайдың:

Сенбе, жұртқа тұрсада қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап, - деген өлеңін өмірлік ұстанымы ретінде алып келе жатқан жанның бірі. Ақын-жазушылардың шығармаларының көтеріп отырған әлеуметтік жүгі туралы, ұстаздармен шебер бөлісетін. Өзгелерді үйрете жүріп, өзі де өнердің қыр-сырына қанығып сыр қаламын қолынан тастамайтын. Соның нәтижесі шығар ізденімпаз ұстаз Ғалымжан Қалиұлының Қазақстан Республикасы Дизаинерлер одағының мүшелігіне қабылданғандығы. Ауданымызда мектепте ұстаздық жасай жүріп мұндай жоғарыдағы одаққа мүше болғандар саусақпен санарлық қана. Ғалекеңнің педагогикалық жұмысы мен шығармашылық еңбегі Алматы облысы білім басқармасының әдістемелік кабинетінің әдіскері қызметіне ауысқанда одан әрі жарқырай түсті. Мектеп қабырғасы еңбек пен суреттен сабақ беретін орын ғана емес, болашақта Ә.Қастеев аталары сияқты қазақ көгіне жарқырап шығатын суретшілерді дайындайтын шеберхана екендігіне көз жеткізуге жұмыс істеді. 2015 жылы шыққан «Ең үздік шығармашыл мұғалім» каталогінде жарияланған еңбегінің өзі де осы сөзімізді растағандай айғайлап айтып тұр емеспе. Ал, аудан мектептеріндегі әдіскерлік қызметте жүргенде құрылымы бір сала ретіндегі алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру, технология, бейнелеу өнері пән бірлестігінің жұмыстарының айтарлықтай алға жүруіне өзінің іс-тәжрибесімен бөлісе жүріп, үйрете отырып ықпал етті.

Алматы облыстық білім басқармасының әдістемелік кабинеті ұйымдастырған «Эстетикалық пәндерді оқытуда әдістемелік қызметтің ролі» озық іс-тәжрибелер жинағына аудандағы мектеп мұғалімдерінің үздік іс-тәжрибелері жайлы мақала, зерттеулер жазылуына, жинақталуына ықпал ете отырып каталогтарға енгізді. Облыстық дельфийлік ойындар байқауына апарған оқушылары көптеген өнер түрлері бойынша жетістіктерге қол жеткізді.

Мектептегі алғашқы әскери дайындық, спорт саласы бойынша да көптеген игілікті жұмыстар атқарды. Облыстық мектеп мұғалімдерінің II спартакиадасы мен мектеп оқушыларының жазғы VIII спартакиадасында аудан командасының жүлделі орындардан көрінуіне көп тер сіңірді. Әдістемелік кабинеттің әдіскері қызметіндегі жемісті еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Алғыс» хатымен және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының» елімізде бұқаралық спортты дамытуға, жастарға дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтына нсихаттауға қосқан үлесі үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

«Сабыр түбі сары алтын» дегендей Ғалекеңнің әр жұмысты сабырлылықпен, тыңғылықты әрі шығармашылықпен орындай алатынын әрі ұйымдастырушылық қабілетін ескерген басшылық қаладағы Еңбекші орта мектебінің директоры қызметін сеніп тапсырды. Бір күн түсіндіргенше, бір сағат істеп көрсетуге дағдыланған басшы қарамағындағы қызметкерлерінің оқушыларды оқу-тәрбие үрдісінде жетістікке бастай білетініне сенімдіміз.

Адам баласы оның ішінде қазақ туған-туысқандарға аса бауырмалдықпен қарайды. Әке-асқар тау, анаң бақша-бау деп тегін айтқалы отырғаным жоқ. Жастайынан еңбекпен шымырланып өскен әкесі Қали өте еңбекқор адам еді. Күндіз-түні шаруашылықтың жұмысын атқарып келіп, балаларының басынан сыйпайтын уақыт таппай жатса да ұл-қыздарының ертеңгі күнін ойлады. Барын салып оқытып адам етсем деген ойды басынан шығармады. Сөйте жүріп балаларының біріне-бірі қамқор болуына қандай жағдай болса да бірінің жанынан бірі табылуына, татулыққа тәрбиеледі. «Бірлік жоқта береке болмас» деп жиі-жиі қайталап отыратын. Жұбайы Алтын екеуінің ынтымағы сыйластық сезімі он баланы ың-шыңсыз өсіріп, мақсаттарына жетуге қанат байлап жіберуінде еді. Анасы Алтынның оттай ыстық мейірімі, аялы алақаны ұл-қыздарына қуат беріп, қыранша қиырға ұшуларына мүмкіндік туғызды. Меніңше бақытты отбасы деген сол егер балалары ата-ана аманатын орындай білсе. Олай болса жұмыр жердің жандары Қали қария мен алтын алқалы Алтын анамыз нағыз бақытты отбасылар дегіміз келеді.

Атаға тартып туған, анаға ұқсап туған текті жерден тараған ұл-қыздардың барлығы дерлік білім саласында қызмет атқарып, жоғары оқу орындарында студенттерге сабақ жүргізіп келеді. Өзінен кейінгі қарындасы Гүлдархан Қалиқызы филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, 2015 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанды. Ал, Бибігүл қарындасы болса Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітіріп, ғылыми жұмысын жазып, филология ғылымдарының кандидаты атанып студенттермен жұмыс жүргізеді. Айман Қалиқызы Қазақ Бас Сәулет-Құрылыс академиясының ассоциациясының профессоры. Әпкесі Керімхан ұзақ жылдар ауданда шәкірттер тәрбиелеп «ҚР Білім беру ісінің үздігі» атанған болса, қарындастары Ардақ, Шолпандар ұлағатты ұстаздық қызметін абыроймен жалғастыруда. Жастайынан әкесі мен шешесінің еңбекқорлығын көріп өскен аға-әпкелері Мұхтаржан, Құрманжан, Ұлжалғас еңбекпен ерте есейді. Өздерінен кейінгі іні-қарындастарының өздеріне лайықты білім алуына әке-шешелерімен бірге көмектерін көрсетті. Өмірден ерте өткен ұлдың кенжесі Еркін суретші-мұғалім болып, кейіннен заман ағымына қарай кәсіпкерлікпен айналысты. Бірақ тағдыр жазуы солай шығар өмірден ерте озды.

Қуанғанда қасынан табылатын, қиналғанда қолтығынан демейтін сүйікті жары, биология пәнінің мұғалімі, ізденімпаз ұстаз Гульмира Бейсембайқызы екеуі екі ұл, бір қыз өсіріп, оқытып, мамандықтарын әперіп, үйлендіріп, немере өсіріп отырған үлкен шаңырақ.

Осындай алқалы бір шаңырақты аялы алақанына қондырып, қала ішіндегі іргелі мектеп ұжымын басқарып отырған Ғалымжан Қалиұлы асқаралы алпысқа толуымен құттықтай отырып, ат ауыстырмай еңбек ете беруіне тілектеспін.

Молот СОЛТАНАЕВ,
«Жаркент айнасы» газетінің Бас редакторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Журналистер одағының мүшесі.

АҒАНЫҢ «АҚ ЖАЙЛАУЫ...»

(Басы1-бетте)

Бір шөкім бұлт жоқ ашық аспан, алтын табақтай болып атып келе жатқан таң шапағы, жанға жайлы майдақоңыр жел, етекте ағып жатқан өзен сылдыры, жан-жағыңды қоршаған қарлы шыңдар... Керемет, көрініс! Табиғаттың бұндай айрықша көрінісі мен рахатын тілмен кестелеп жеткізу мүмкін емес-ау, сірә! Тек көзбен көріп, жанмен сезіну керек...

Ерте оянған меймандарына мейірлене қарап амандасып тұрған Әдепхан ағаның күлімдеген жүзі нұрға толып тұр. Айналасына арқаланып, сүйсіне қарайды. Даурығысып отырып таңғы асымызды ішіп болып дастарханнан әне-міне тұрайық деп тұрғанда Бексұлтан аға бар денесімен оң жағындағы Әдекеңе бұрылып:

– Ағасы, бүгінгі жоспарымыз қандай болмақ?, – деді сұраулы жүзбен. Сөйткенше болмады, сырттан дабыр-дұбыр естіліп, ағаның Астанада қызмет жасайтын кенжесі Барлық жетегінде көксерке ұлы Нұрүстемді ертіп үйге кіріп келді де:

– Рұхсат па, ағалар?!, – деді жарқын дауыспен. – Біздің Нұрүстем биыл мектепке барады, сол қуанышымызға орай беріліп отырған мына «Көкпарға» бата беріп жіберсеңіздер, – деп қолын жайды.

«Әумин!» деп, жақсылыққы ниет етіп қол жайған көпшілікке, жүзі бал-бұл жанған Нұрүстем мен іргеде ат ойнатып тұрған көкпаршыларға арнап Бексұлтан аға бар ынтасымен жүрекжарды батасын берді. Ықылас жасалғаннан кейін, пышаққа ілініп тушаға айналған көксеркені дегбірі қашып, делебесі қозып тұрған көкпаршылар тақымға алған бойы қиқулап тартыса жөнелді. Сол думен ат шаптырым жерге бірінен кейін бірі көкпарды іліп алып тартысқан шабандоз жігіттер кері қарай айнала шауып, біз тұрған ақ боз үйдің алдына келіп алғашқы салымын жасады. Ат тұяғының дүбірі мен ұрандаған айқай шудан делебесі қозып тұрған көпшіліктің ортасынан суырылып шыққан Бексұлтан аға дереу әмиянын ашып жіберіп «жолын» берді. Қомақты ақшаны алған көкпаршы жігіт рахметтің ишаратын жасап, жерде жатқан көкпарды ат үстінен иіліп кеп іліп алды да, басқаларға дес бермей тақымына қысқан күйі сайға қарай құйғытып шаба жөнелді. Иә, қазақ көкпар тартып, қыз қумаса – қазақ бола ма?... Ойлап қарасаңыз бұл да жайлаудың бір сәнді, қызықты сәттері. Осынау тамаша көрініс пен керемет қиқудан әсерленіп өң мен түстің арасында тұрғанымызда, қасымызға екі атты жігіттің ортасында шылбырмен алысқан семіз торы құнан ойнақтап біз тұрған жерге таяп келді. Аңтаң болып тұрған бізге Әдекеңнің қара шаңырақтағы ұлы Ақберен:

– Ағалар, мынау сіздерге арналған мал еді, ықылас жасасаңыздар!, – деді.

Бәріміз аңтарылып қалдық, бірден ес жия қойған Бекең екі қолын жайған қалпында оң жағында тұрған досына бұрылып:

– Игенжан, бата сізден, – деді. Бәріміз «Әумин!» деп қолымызды жайған күйі көкмайсаға тізе бүгіп отыра кеттік, көзіміз ойнақшып тұрған семіз торыда.

Жаңарқаның тумасы, Бекарыстың ұрпағы Иген аға зор ықыласпен:

– Желден жүйрік жануарым, мынау Белжайлауда ата-баба жолымен әулет иесі Әдепхан інісі Бексұлтан мен оның жолдастарына жасап отырған құрметі үшін сені шалып отыр. Алла ниетімізді қабыл етсін! Әдепханның мыңғырған малына мал, жанына жан, бағына бақ қосылсын! Жазушы інілерінің жақсылыққа, елін қорғауға арнаған қаламын Алла тағала ұштай берсін, еліміз аман, жұртымыз тыныштықта болсын! Әумин, Аллаху әкбар!, – деп ақ батаның тиегін ағытты. Ақберен мен малшы жігіт Шалқар екеуі тізгінмен алысып, көкке шапшыған асау торыны қақпайлап союға алып кетті. Кешелі бері келген қонақтары мен бала-шағасының тірлігіне іштей риза болып, тұла бойы қуаныштан шаттанып тұрған Әдекең, жарқын дауыспен:

– Жүріңіздер, құрметті қонақтар! Бүгінгі барар жеріміз – Орбұлақ!, – деді.

Екі көлікке бөлініп мінген біздер еңістегі жыланша шұбатылып жатқан қара жолға түсіп алып, батысқа қарай бет түзедік. Кабинадан жан-жаққа тінте көз салып, тау-тасты қызықтап келеміз. Біраз жүріп барып биіктеу дөңеске көтерілгенімізде, бізге сынай қарап отырған Айбын аға алға қарай ұмсынып отырып алды да айналаны таныстыруды бастап кетті:

– Мынау жатқан дөң Бел деп аталады да, таудан ағып түсіп жатқан сулар осы жерден екіге бөлінеді. Бұған дейінгі сулар Шығысқа қарай ағып барып Аяқсаздан әрі оңтүстікке бұрылып төмен қарай ағады. Ал, терістік жағындағы сулар керісінше батысқа қарай ағатындықтан Терісаққан дейді. Анау сай табанындағы күмістей болып жарқырап жатқан Ақсу өзені, одан әрі барсаңыз Үшсудың құйғаны, – деп көлік ішінде бізді жер жағдайымен таныстырып келеді. Осы жерде сөзге Әдепхан аға да араласа кетті:

– Үлкендерден бала күннен бергі естіген сөздерімше мынау алдымыздағы белестегі үйілген тас оба Қабанбай батырдың зираты, – деді. – Жалпы батырдың бүкіл қазақ жері бойынша 6-7 бейіті бар екен, бірақ солардың қайсысында батырдың денесі жерленгенін әлі күнге беймәлім, демек ешкім тап басып айта алмайды, – деп сөзін аяқтады.

Жанай өтіп бара жатқан біздер ата салтымыз бойынша әдеттегідей батыр рухына дұға жасап бет сипадық. «Әңгіме – жол қысқартады» дегендей жер – су аттарымен танысқанымызға қызығып отырып әйгілі Орбұлақ ескерткішіне де таяп қалыптық. Тарихи орынға таяу жол бойындағы тепсеңге көлікті қалдырып, жатаған жота арқылы көтеріліп, ескеркішке де келіп жеттік. Айналасы темірмен қоршалған нән мәрмәр тасқа ұлт тарихындағы ұлы шайқастың шежіресі ойылып жазылған шағын тақта ілініпті, батыс жақ іргесінде қазылған ордың сілемі жатыр. Заманында қас дұшпандарын тізе бүктіріп, туған жерін жау табанына таптатпаған ата-бабаларымыздың өр рухы мен қайсар батырлығының белгісіндей болған осынау аталмыш тарихи ескерткіштің бастамашысы Бексұлтан Нұржекеев ағамыз XVII ғасырда аталмыш жерде болған Орбұлақ шайқасының қалай өткені жайында беріле әңгімелеп берді. Қазақ – Жоңғар соғысы жайында біраз тарихи оқиғалар мен әңгімелер айтылды, айналаны қызықтап, естелікке суретке түстік. Одан әрі бұл жерді тамашалап болғаннан кейін төмен жағында орналасқан Орбұлақ шайқасы кезінде қазылған оқпанның біткен жеріне былтыр (2018 ж) Орбұлақ шайқасының 375 жылдығына орай «Жастар ұйымының» қолдауымен қойылған екінші ескерткішке қарай жылжыдық. Оған да барып суретке түстік, ескерткіште ұлы шайқастың мәтіні үш (*қазақ, орыс, ағылшын*) тілдерінде жазылыпты. Оңтүстік жағы тік жарқабақты өзен аңғары, ал, шығысында Қызылқия (*бұрынғы Отқия*), ал, батысындағы сайды қолымен нұсқаған Бекең:

– Ол жерде Жәңгір сұлтан сайдың тасындай таңдаулы атты сарбаздарымен жасырынып тұрған, – деп түсінік беріп өтті.

Сонымен, қазақ ұлтының өткен XVII ғасыр шежіресінде (1643 ж.) алтын әріппен айшықталған тарихи орынға жасаған саяхатымыз аяқталып, үйге қарай қайтуға жиналдық. Соңымыздан келе жатқан қонақтар жолай Ақсу өзеніне тоқтап, Иген ағаның таңдауымен өзен бойындағы тастардан таңдап жүріп пышақ жануға арнап майда қайрақтар алды, сөйтіп, асықпай түс ауа үйге де келіп жеттік. Сапырып отырып, иісі танауды жаратын қымызбен шөлімізді бастық, іле-шала буы бұрқырап манағы торы құнанның еті де келді. Балбырап піскен жас еттің артынан қайта қымыз ішілді, небір қызықты хикаяттар мен естеліктер айтылды. Ас қайырып бата жасалған соң «тоқ басылсын» деп далаға серуенге шықтық.

Сүт пісірім уақыт бой жазып жүріп келсек үй іргесіне және оған жанай екі жерге кілемдер төселіпті. Бексұлтан, Қадірбек аға және мен Орбұлақтан алған әсеріміз әлі де күшінде-ау шамасы, тарих жайындағы деректер мен мәліметтерді айтуға кірістік. Арғы-бергі туған жер мен ататарихтан шежіре тартылып, Сақ, Ғұн, Үйсіндерден бастап Алтын адам, одан бергі Шыңғысхан империясы туралы да, сондай-ақ тарих ғылымының ұлттық рухани құндылығы жайында біршама дүниенің басын шалдық. Өресі кең, білімі мол адамдармен сұхбаттасқан қандай жақсы, көкірек көзім ашылып, ішкі жандүнием түлеп сала берді, тынысым кеңіп, көңілім өсіп қалды.

Үй іргесіндегі кілем үстінде Әдекең бастаған топ Нұржанның әуелете салған әнін тамашалап отыр. Дәнеш атамыздың «Саясында алманың», «Соға кет», «Ән салайын», халық әні «Қайран заман» т.б. нақышына келе шырқалып жатты. Әуезді әннің сиқырына еліткен жұрт мәзмейрам, «Ойхой, десеңші!», «Жаса!» деген айқаймен Нұржанға дем беріп, шабытына шабыт қосып отыр. Көп ұзамай-ақ: «Келіңіздер ағалар!» деп, қымызын көтеріп Шалқар да жетті.

Ыдыстың қақпағын ашып сапырып-сапырып жібергенде денеге қуат берер иісіне сүйсінген біздер алқа-қотан отыра қалып балқымыздың бір-екі кесесін демалмастан тастап жібердік. Әңгіме одан әрі жалғасып, өлең-жырға ұласқан қандай жақсы, көкірек көзім ашылып, ішкі жандүнием түлеп сала берді, тынысым кеңіп, көңілім өсіп қалды.

Үй іргесіндегі кілем үстінде Әдекең бастаған топ Нұржанның әуелете салған әнін тамашалап отыр. Дәнеш атамыздың «Саясында алманың», «Соға кет», «Ән салайын», халық әні «Қайран заман» т.б. нақышына келе шырқалып жатты. Әуезді әннің сиқырына еліткен жұрт мәзмейрам, «Ойхой, десеңші!», «Жаса!» деген айқаймен Нұржанға дем беріп, шабытына шабыт қосып отыр. Көп ұзамай-ақ: «Келіңіздер ағалар!» деп, қымызын көтеріп Шалқар да жетті.

Ыдыстың қақпағын ашып сапырып-сапырып жібергенде денеге қуат берер иісіне сүйсінген біздер алқа-қотан отыра қалып балқымыздың бір-екі кесесін демалмастан тастап жібердік. Әңгіме одан әрі жалғасып, өлең-жырға ұласқан қандай жақсы, көкірек көзім ашылып, ішкі жандүнием түлеп сала берді, тынысым кеңіп, көңілім өсіп қалды.

Кеш кіріп, елең-алаңда шам жағылды, қол шайып үлкен – кішіміз жиылып кешкі асқа отырдық. Дәмі таңдайдан кетпес баппен пісірілген кеспе көжені ішіп алған ағалар өткен өмірлерінде бастан кешкен хикаяларын айтумен әңгіменің көрігін одан әрмен қыздырды.

Бексұлтан аға Москваға барғанын және молдаван жазушысы Спиридон Вангелияның елі Молдавияға барғанда қалай күтіп алып кездесу өткізіп, концерт қойып бергені жайында қуана еске алды. Және осы біз отырған Аршалы беткейде атасы Тұрғанды, сонау Ақтастыдан қуып келіп жүйрік аты үшін 1882 жылы Патшалық Ресейдің тұсында Колпаковскийдің екі солдатының қалай атып кеткені жайындағы хикаяны толқи отырып үлкен тебіреніспен айтты. Иген ағаның жылқы түсінің негізінен екіге: қылаң және баран болып бөлінетінін, кезінде аталарының жүйрік ат ұстағанын, сондай-ақ «Байтал ұзату» жайындағы айтқан әңгімесі өте шынайы да әсерлі болды. Ал, Қадірбек ағаның көп жылдар қызметтес достары болған – қазақтың біртуар тұлғалары Ақселеу Сейдімбеков, Жәнібек Кәрменов жайлы естеліктері мен құлаққа жағымды қоңыр дауысы да көптің есінде қалды. Әсіресе, «...Бұқар базарынан сатып алған шақшасы» жайлы айтқан оқиғасы керемет қызықты екен, көңілімізді көтеріп кәдімгідей бір желпінтіп тастады.

Сонымен не керек, кезекті Нұржан інініміздің әндеріне бердік. Ән өнері саласында Иген паша (*арада Бекең ағаны осылай атайды*) бәрімізден асып түсті. Қазақтың дәстүрлі ән тарихындағы бірегей тұлғалар - Қ.Байсейітов, Ж.Елебеков тағы басқа айтулы дарындардың ән орындаудағы шеберлігі мен ерекшеліктерін мысалға келтіре отырып, ағамыз әр айтылған әннен кейін Нұржан серіге әуенге қатысты өзінің ақыл-кеңесін беруден бір жалықпады. Мәселен, ән шырқау барысында дауыс ырғағын сақтап, әннің әуені мен сөзі қабысқан тұста үнді қалай құбылту мен өзіндік әуезді нақыштарды қалай салудың сырларын айтып беруі. Және сол айтқандарын орындатып, әннің бір-бір шумағын қайта айтқызуы тіптен керемет болды. Әннің сәтті шыққан жерлерінде бүкіл денесі әнмен бірге алып-ұшып тербеліп, қабағы керіліп-түсіп, көздері ойнақшып жер мен көктің арасында қалқып отырды. Арада ағалардың кезекпе – кезек «Ой пәлі!», «Жаса!», «Ой деген-ай!» деп қолпаштауы және бар. Иген пашаның айтқан кеңестерін лезде қағып алып, айнытпай орындаушы Нұрекен Әсеттің «Мақпалын», «Қоңыр қазы» мен халық әні «Қош алмабел жарымды», Дәнештің «Сағынышым ұларымды», Естайдың «Қорланын» нақышына келтіре шырқады. Әуенге елітіп жүзінде ризашылықтың табы ойнаған ағамыздың әнге сүйсінгені сондай, «Мировой стандарт» деді, басты шайқап тамсанып тұрып. Одан менің кешелі бері қолқалап айтқыза алмай жүрген Дәнеш ағаның «Аңшының әнін» орындағаннан кейін, Нұржан Бексұлтан ағаға бұрылып:

– Аға, рұхсат болса сіздің «Беу, дүние-ай» әніңізді айтайын, – деді.

Бекең келіскендігін білдіріп, көзін жұмып басын изеді де, әуенді бар жантәнімен беріле тыңдады. Қазақтың мұңы мен шерін әріден қозғайтын бұл ән жүректі солқ еткізеді екен. Негізі, 1916 жыл оқиғасына қатысты шығарылған, жазушының «Әй, дүние-ай» романымен өзектес. Одан әрі көңіл сергісін деп әсем әуен Әдепхан ағаның «Жайлау әніне» ұласты. Әуен бірде шарқ ұрып көкке самғаса, енді бірде үзілердей болып жер бауырлайды, көмекейден шыққан өрнекті әсем үннің ойнақшып құйқылжығаны да ерекше. Неше түрлі мың құбылған ән өнерінің құдіретіне бас иген елге танымал қаламгерлеріміз - Әдекең, Бекең, Иген, Қадірбек ағаларымыздың алыста, қиянда қалған жастық шақтары елес берді-ау шамасы, бәрі де баяу үнмен әнге қосылып, жанарлары оттай жанып, кей сәтте көздерін жұмып, бастарын шайқап, жандүниелерімен сезініп, әрбір үнді қалт жібермей ұйып тыңдап отырды. Бәрімізде шырқылған әнге тояттап, рухани ләззаттан әсерленіп елімізге, алыс-жақын шетелге де танымал талантты, әнші іниміз Нұржанға деген шексіз алғысымызды білдірдік. Және де осы жайлауда бірге болған күндер ішінде байқағаным: Нұржан іниміз нағыз өнердің адамы екен, кішіпейілділігі, адаммен қарым-қатынастағы мәдениеттілігі мен кейде ғана байқалып қалатын бала мінезі, ой-сана мен ішкі рухани дүниесінің әппақ қағаздай тазалығы мені қайран қалдырды. Қадірбек аға ас қайырды, бәріміз далаға шығып жұлдызды тымық аспанға қарап бой жаздық. Ас денемізге сіңсін деген оймен аспан әлемі, жұлдыздар мен діндер тарихы туралы білетінімізді ортаға салып пікірлесіп, кешкі серуеннен соң қонақ үйге келіп ұйқыға жайғастық.

Ертесі үшінші күні, әдеттегідей ертеңгі астан соң «...Бүгінгі жоспар қалай?» деген Бекеңе, айналаға ризашылықпен қарап алған Әдепхан аға, баппен ғана:

– Әлі де бірер күн демалыңдар, – деген ағалық ниетін білдірді. Езуіне күлкі иірілген Бексұлтан аға:

– Әлгі менің қасымдағы екі әулие біледі, солардан сұрап көрелік, – деп әріректе тұрған достарына иек қақты.

Сырттай бақылап тұрған Қадірбек пен Иген ағамыз «Рұхсат болса енді үйге қайтсақ?!» деген емеурін білдіріп, әуелі десең сөмкелерін жинап-тернеп ала шығыпты. Бірден түсіне қойып бұл әрекеттің алдын алуды ойлаған Әдекең сөзін салмақтап, ағалардың аптығын баса сөйледі, оның ішінде:

– Бүгін біздің атажұртымыз Басатқарағайды көріп кетіңіздер, – деуі бірден әсер етті-ау, сөз қадірін білетін зерделі жандар емес пе, сөзге келмей екі дос та келісімін беріп, райынан қайтты. «Қалай болар екен?» деп ортада тұрған Бекеңнің көңілі орнына түскені сонша, жүзі жадырап:

– Менің де басыма достарымды Шыңбұлаққа шығарып, «Алтын тамырды» көрсетсем» деген «жаман» ой келіп тұр, – деді қулана жымиып.

Сонымен көп кідірмей көліктерімізге мінген біздер шығысты бетке ұстап «Басатқарағай қайдасың?» деп тартып кеттік. Джип дегенің көліктің төресі екен ғой, жолды-жолсыз жерлерге қарамай, біресе тіке, бірде қиялай жүріп отырып көп ұзамай-ақ діттеген жерімізге де жетіп келдік. Әкелген сөмкедегі азығымызды аршаның көлеңкесіне қойып, сусынды өзен суынан тоспа жасап сонда салып қойдық. Ендігі меже Шыңбұлақ арқылы Басатқарағайдың басына шығу. Арамыздан екі адам бөлініп шығып - Әдекең мен Қадірбек аға денсаулықтарына байланысты бүгінгі шыңға шығу саяхатынан бас тартты:

– Әй біз осы шыңға шығып жарытпаймыз-ау, сол үшін осында болайық, –дегенді айтып, көрпелерін алып қарағайдың көлеңкесіндегі көк майсаға барып жайғасты.

Біздер ескі сүрлеумен қарағай ішіне еніп, одан әрі қиялай жүріп отырып Шыңбұлақтың арнасына түсіп алып тауға көтерілдік. Біраз жоғарылаған соң ойламаған жерден тағы бір кереметке тап болдық. Бағанадан бері салдырлап ағып жатқан суымыз аяқ асты жоқ болып кетті, тек анықтап тыңдасаң жер астындағы сыбдыры ғана естіледі. Тағы біршама жер жүріп өткеннен кейін салдырлаған суы-

мыз жер бетімен қайта ағып жатады. Міне, қызық! Сөйтіп, Шыңбұлақтың басына дейін біресе жер астымен, бірде үстімен ағып жатқан бұл өзеннің осындай өзіндік ерекшелігі таң қалдырды. Суы қандай мөлдір, салқындығы шекеңнен шығады, шіркіннің дәмі де керемет, тіл үйіреді.

Шыңбұлақты қызықтап барар жеріміздің белортасына жеткенімізді де білмей қалыптық. Енді, осы арада Иген аға сыр беріп айни бастады:

– Жігіттер, белім ауырып болмай тұр, осы арада қала тұрайын, – деген уәж айтты.

Оған бәріміз шу ете қалдық: «...Ағасы, бұнда ау бар, сізді қалдыра алмаймыз!» дестік бірауыздан. Бекең де қалжыңдап:

– Әй, Иген, мына жерді «Игенді ау жеген жер» деп ататқызбайын десең, мұныңды қой, – деді жұқалап. Мырс еткен ағамыз бойын тез тіктеп:

– Әй, сен, қазір баспен бір пермей тұрғанда, түс алдыға!, – деп саңқ етті. Бексұлтан ағамыз 78 жаста, ал Иген ағамыз 77-де екен.

Бәріміз сыралғы екі достың осынау риясыз әзіліне ду күліп алып, Шыңбұлақтың басына қарай қайта өрмеледік. Көне сүрлеумен жоғары көтеріліп бара жатқан Бекең тоқтай қалып артына бұрылып Иген ағаға:

– Л.Толстойдың «Казахиын» оқыдың ба? Мынау сондағы «тартар» деп, қолындағы шөпті нұсқады. Содан түрлі шөптер жайлы әңгіме айтыла бастады, мұнда Айбын аға бәріміздің көп білетін болып шықты. Жолымызда кездескен – ошаған, балдырған, аюбалдырған, түйешоған, атжалбыз, киікоты т.б. шөптермен таныстырып өтті. «Жалпы біздің өңірдегі ешкі малы осы аймақтың 370-ке жуық шөбінің басымен қоректенеді екен» – деп барып сөзін аяқтады. Бексұлтан аға да кез-келген шөпті жазбай таниды екен, сөйткенше болмады еңкейіп дәу тастың көлеңкесіндегі бір шөпті жұлып алып:

– Міне, мынау Рауғаш, – деді. – Бұл – шөл басады, – деп собығын аршып аузына салып шайнап көрді де «қатқылдау, сонда да болады деп бізге ұсынды, бәріміз дәмін татып көрдік. Жаман емес, сәл қышқылдау болғанымен расында таңдайыңды жібітіп, шөліңді басады екен.

Және де Амантай аға, Нұржан үшеуі тек алдыда жүріп отырды шаршамайды, тауда жүрудің мықты шебері екен өздері. Біздер – Иген, Айбын аға, мен, Бейбіт бәріміз қолдарымызда бір-бір таяқ, әйтеуір ілбіп келеміз, Иген аға қайтадан:

– Болды жігіттер осыннан қайтайық, – деп отыра кетті. Шаршағаны көрініп тұр. Оны ести салып қарқылдап күлген Бекең алдындағы жартасқа отырды да төмендегі бізге қаратып:

– Әй, Иген паша, мен сенің аталарың жайлы әңгіме айтып берейін, тезірек мұнда келіңдер, – демесі бар ма.

«Жарайды...» деп еріксіз келіскен біздер, таяқ ұшымен жалғасып бір-бірімізді жетектеген күйі әзер дегенде қастарына жеттік, өкпеміздің күйгені сонша «үһ» деп жақпар тастардың үстіне жайғаса кеттік.

Бекең айналасындағы бізді көзбен бір түгендеп алды да:

– Сарыағашқа демалуға барғанымызда Адамбек айтып еді, – деп, сірә, батыс жақтың адамы болса керек бір қобызшы жайлы әңгімені бастап кетті:

– Бірде әлгі қобызшыға көпшілік жиналып қобыз тартып өнер көрсетуін қолқалайды. Амалсыз қабыл алған өнерпаз ыңғайланып отырып алып қыл қобызын тарта бастауы мұң екен, көпшілікке беймәлім бір сиқырдың күшімен ақырындап отырған орнынан кереге бойына дейін көтеріледі, одан аспап сарыны күшейген сайын туырлықтың биіктігіндей, қыза – қыза шаңырақтың бойымен бірдей биіктікте отырып алып қобызын аңыратады ғой. Көргендердің бәрі таң-тамаша болады және де сол қобызымен талай ауруды емдеп жазған екен. Соның бірі «Байқоңырдың ұшқыш орыс жігітін асқынған ауруынан жазыпты» дегені маған қатты ұнады.

Кезек Иген пашаға келді, ол кісі Қойлыбай мен Тіней бақсылар жайлы айта келе өзінің арғы атасы Ысқақ әжі (*әулие*) туралы аңызға ойысты. Жарықтық Ысқақ әжі 16-17 жасында бір өліп, қайта тірілген жан екен (*орысша- клинически смерть).* Содан кейін қажылыққа барып келіп адам емдеумен айналысыпты. Ем-дом жасағаны үшін ешкімнен ақы алмаған адалдығымен қоса, Кеңес үкіметі кезінде халық жауы болып құдаланғаны жайында да кеңінен айтып берді. Әулиенің өліп, қайта тірілген кезінде көрген ғажайыптары, мәселен: қара үңгір ішімен жарыққа қарай жүгіруі, шынжырлы адамдар, жанған от және мүйізі айдай көксерке, т.б. хикаялары тіпті таң қалдырды. Ол хикаялары жайлы кейінгі өмірінің соңында ғана айтып берген көрінеді.

Қызып кеткен мен құр қалам ба? Мен де өз тарапымнан ағаларға «Перілер ауылы» туралы аңызды айтып бердім. Жапжақсы демалып қалдық. Бірінші болып тіл қатқан Бексұлтан аға досына қарап жымиған қалпы:

– Иген паша ата-бабаң жайында әңгіме айтып сені қуаттандырып алдым, енді алдыға сен түс!, – деді, бәріміз ду күлдік.

Орнымыздан қозғалып жоғарыда айтқан батыс беткейдің төбесіне шықтық. Қиялай тартып оңтүстікке қарай біршама жер жүрдік, жол бағанағыдай емес қиындады. Бекең, Амантай аға, Нұржан үшеуі бірдемде көзден ғайып болып тіптен жоғарылап кетті. Оларға ілесе алмайтынымызға көзіміз жетіп, көңіліміз сенгені сондай - Иген паша, Айбын аға бастаған, мен және Бейбіт төртеуіміз тұрған жерімізден артқа қайтып төменге түсе бастадық. Көңіліме «...Мынадай болса бүгін «Алтын тамырды» таба алмаймыз-ау» деген күдік ұялады. Шыққандағы қиындық ештеңе емес екен, түскеніміз одан да қиын болды. Әйтеуір жығылып – сүрініп жүріп Шыңбұлақтың жағасына да жетік-ау.

Көзіміз жоғары кеткендер жақта, бар дауыспен айғайлап та қоямыз, біршама уақыт өткен соң барып олардың жауап қатып айқайлаған дауысын естідік. Дәу келіскен бір жартастың көлеңкесіне демалуға отырдық. Біршама уақыттан кейін қолдарына ұстаған «Алтын тамыры» бар Амантай аға бастаған топ та келіп жетті. Жүздері қуаныштан бал-бұл жанады, өсіп тұрғанын тамыр топырағымен қоса қазып алыпты. Қызылсарғыш гүлдері бар керемет әдемі шөп екен, әншейін жайқалып тұр. Кешегі күні Орбұлақ жақта Еңлікгүлді көріп жанымыз бір сүйсініп еді, бүгін міне тағы да табиғаттың аясында еркелей тербеліп «Мен қандаймын?» дегендей сыңай білдірген әдемі өсімдіктің даралығына таң қалып, мәз болдық.

Біздің туған жердің қасиеті мен киесі осынау ғажайып қарлы шыңдарымен, найзадай шаншылған қарағайлары мен мөлдір бұлақтары және жанға дауа саф таза ауасымен, түрлі шөптерінде ғой, шіркін. Қасиетіңнен айналайын, көркем табиғаты мен қилы тарихы қабысқан атамекен, бабалардан мирас болған туған жер! Сөйтіп, Басатқарағайдың басына шығып, Шымбұлағының кәусар суынан дәм татып, таза ауасымен кеуде кере демалып, риза көңілмен төменге қайттық.

Басатқарағайдың етегінде Әдепхан мен Қадірбек ағалар мейірлене күлімсіреп қарсы алды. Бұлақтағы тоспаға қойып кеткен қымыздың біреуі жоқ. Сөмкедегі туралған ет пен құрттарды ортаға салып әл жидық. Әсіресе, шаршағанымыз бен шөлден қаталап қалған біздер қымызды бірінен кейін бірін сілтедік. Қайтадан қағытпа қалжыңдар, әзілдер, ду-ду әңгіме... Бәрінен бұрын көзі қулана күлімдеген Қадірбек аға:

– Сіздер тау басына шығып шаршасаңыздар, біздер де мына жерде аға екеуміз қымыз іздеп әбден шаршадық, – деп, бәрімізді күлкіге көмді.

Шөл қанып, шаршағанымыз басылған біздер жеңіл жиналып, көтеріңкі көңіл күймен үйге қайттық. Көлік тізгінінде Бейбіт (*Бексұлтан ағаның баласы*), батысты бетке алып жүйіткіп келеміз. Нұржан әншінің екі көзі бізбен жарысып тау етегін қиялай шауып келе жатқан көкпаршы жігіттерде. Аттары ауыздықпен алысып ойнақтап келеді шіркіндердің. Күні бойы тауға өрмелеп күнге тотыққан жүзімізге, қымыздың қызуы қосылып алаулаған кейіптегі біздер көлік ішінде тербеле шайқалып дел-сал қалпымызда үйге де жеттік-ау. Етек-жеңімізді жиып болмай жатып-ақ көкпаршылар да жетті қиқулап. Көкпардың буына еліріп алған жиырма шақты аттылар атойлаған екпінмен келіп ақ боз үйдің алдына көксеркені әкеліп тастай салды. Бұл кезектегі көкпардың «жолын» Амантай аға берді. Риза болған жігіттер көкпарларын тақымға алып тартысып қиқулаған қалпы келесі малды ауылға қарай шауып бара жатты. Бірдемде аттарымен ойқастап апай-топай жасаған көкпаршылардан кейін, бірер сағат демалғанымыз сол екен, түк болмағандай шаршағанымызды ұмытып қалдық.

Жуынып-шайынып келіп, кешкі салқында төселген кілем үстіне құлай кеткен біздер жамбастап жатып салқын қымызға бас қойдық. Иген аға екеуміз кезектесіп қымызды таудың салқын самалына қарсы баппен сапырып, жұпарын сіңдіріп, салқындатып құйып беріп отырдық. Бекең әдетінше езуіне күлкі үйірілген күйде екі досына қарап:

– Аттарың кім еді, ұмытып тұрмын, – дейді. Иген паша елең қылмайды, ал, Қадекең жұлып алғандай тақ – тақ етіп:

– Мен Қадірбек Сегізбайыш, – дейді, бәріміз ду күлеміз...

Кезек әнге келді, Нұржан сері бар дауысымен әуелете әнге басты. Дәнештің «Ең қызық жастық», халық әндері «Аяулым», «Жанерке», Әсеттің «Үлкен Ардақ», Естайдың «Жай қоңыры» шырқалды. Ағалардың сұрауы бойынша «Саясында алманың» және «Ең қызық жастық» әндері бірнеше рет қайталанып орындалды.

– Кешкі асқа жүріңіздер, – деп Шалқар бәрімізді дастарханға шақырды. Біздер жайлап тұрып ағаш үйге ендік, әннен алған әсерден әлі арыла алмай келеміз, тіпті Бексұлтан ағаның өзі соңғы айтылған әуеннің екі шумағындағы: *«Беу, беу, дүние, Ақылға сонда кім ие»,* – деген сөздерін ыңылдап бірнеше рет қайталап барып дастарханға жайғасты. Абай мен Шәкәрімнің өлеңдері, әндері жайлы айтылды, одан неміс ақыны – Гете, орыс ақындары Пушкиннің, Лермонтовтың «Қараңғы түнде тау қағып» т.б. өлеңдерінің түпнұсқаға бергісіз аудармалары туралы да еске алып өттік. Содан кейін «рұхсат болса енді мені тыңдаңыздыр, шешендік сөздер туралы да айтайық» дедім де «Байдалы шешеннің Уәлихан қайтыс болғанда Айғанымға барып көңіл айтқанын», «Айдабол мен Тайкелтір би», «Үйсін мен Найман арасында болған жылқышы дауы» жайындағы аты әйгілі билердің тапқырлығы мен өсиет сөздерін, өлеңдерімен тақпақтатып отырып әңгімелеп бердім.

Ас желініп болған соң Бексұлтан аға бастаған Алматыдан келген қаламгер қайраткерлеріміз - бізді әкеліп қонақ жасап отырған, осы әулеттің ұйытқысы болумен қатар, тектілігімен осы аймақтың



қадірлі ақсақалына айналған, жақсылық пен әділеттіліктің Темірқазығы болып отырған Әдепхан аға мен балалары Айбын, Ақберендерге үлкен ризашылық ниеттерін білдірді. Және келгелі бізге қызмет жасап жүрген малшы жігіт Шалқар мен жары Жадыраға да алғыстарын жаудырып, баталарын берді.

Ертесі ерте тұрып тамағымызды ішіп алып жолға дайындалдық. Буынып – түйініп «Жаркент қайдасың?» деп жолға шықтық. Таудың шаңдақ жолымен жүйіткіген көліктеріміз жолда еш жерге кідірмеген күйі өткендегі аяқ шалдырып дем басқан аялдамамыз Белбұлаққа келіп ат басын тіреді. Көліктен түсе сала алабұртқан жүзінде ізгіліктің табы бар Бекең, Әдекеңді қасына шақырды да сондай бір масаттанған кейіпте қолын алып тұрып:

– Аға, осы аймақтың сөз ұстары өзіңізсіз, мынау атажұрт та, кейінгі өскелең ұрпақ та сіздің қанатыңыздың астында. Жалпы қазақта жайлаудың екі түрі болады екен, бірі – Саржайлау, екінші мерекелі, берекелісі – Ақжайлау. Мынау бізді құрметтеп көрсеткен қамқорлығыңыз бен Ақжайлауыңыз үшін мың да бір рахмет!, – деп жан-жүрегі елжіреген қимастықпен, жанары жасаурап зор ризашылықпен ағасын құшағына қысты.

Мынадай көріністің әсерінен жан толқынысын жасыра алмаған Әдепхан аға шабыттанып тұрып, інісі Бекеңді құшақтаған күйі өзінің бір өлеңін жатқа айтты. Екеуі де көздері жасаурап аға – іні болып бір-біріне елжірей қарап, ақ ниет пен бауырмалдықтың риясыз үлгісін көрсетті. Тегі мен түбі бір, ата-бабалары ғасырлар бойы қатар өмір сүріп, бір жайлауда жылдар бойы көрші отырған есімдері қазаққа танымал бірі ақын, екіншісі жазушы осынау бауырлардың мынау өмір деген шырғаланда жылдар бойы адасып, бірін-бірі бүгін тауып ұзақ уақыт бойы қордаланып қалған сағыныштарын басқандай... Пендешілік бұғауынан босап, бар дүниені тәрк етіп, ақеділ руханият көгінде қанаттарын еркін сермеп, асқақтықты пір тұтқан қыран құстай шарықтауда... Атамекен мен туысқа деген сүйіспеншіліктің әсерінен бүкіл өн бойлары тебіреніспен толқып тұрған екі қарттың көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін рухани бауырластығы маған қатты әсер еткені сонша, менің де көзімнен жас ыршып кетті. Алдымда жәй ғана тұрған қазақтың қарапайым екі қариясы емес, жапырағы жайқалып өскен, қатпар – қатпар тамырын тереңнен тартқан екі алып бәйтерек тұрғандай елес берді...

Өмірлері сан ғасырлық ұрпаққа үлгі болатын қаршығадай қасқиған екі қарттың осынау тебіреніске толы қимастық сәтін біреу біліп сезінсе, біреулер мүлдем бейхабар. Айнала шеңбер құрап тұра қалған меймандар, көтеріңкі көңілкүй аясында әзіл-қалжыңды тоқтатпай бірін-бірі ақжарма күлкіге көміп жатыр. Байқаймын, топтан сәл шетке ығысқан Бексұлтан ағаның алабұртқан жүзінде үлкен толқыныс пен алаңдаушылықтың табы бар сияқты. Мүмкін әке-шешесі есіне түскен болар, батыс жаққа қарап елеңдейтін сияқты. Сәл ойланып тез шешімге келе қалды-ау шамасы, көп ішінен Нұржанды тауып ала қойды да, қолын жоғары көтеріп, «балам, бір өтініш» дегенде дауысы қарлығыңқырап шықты:

– Менің «Беу, дүние-ай» әнімді орындап жібересің ба?, – деді.

– Жарайды аға, ол не дегеніңіз, – деп, жеңіл қозғалған Нұржан лып етіп домбырасын әкеле қойып, әуелеген дауыспен әнді бастап жіберді.

Сол-ақ екен, «Беу, дүние-айдың» әуені басталысымен-ақ екі көзін тарс жұмған Бексұлтан аға әнге бар жан-тәнімен ұйып берілгені сондай, мен ағаның беймаза жүзінен - әуеннің көз көрмес қыл пернесінен ұстап алып жер мен көктің арасында қанаттарын сабалап жаңұшыра қалықтаған, мынау өткінші жалғанның ең қымбат асылын тапсам деп шарқ ұрған шағаланың бейнесін көргендей болдым. «Адам жанына медет болар ғажайыпты...» сонау көз жетпес қияннан, шетсіз-шексіз ғарыштан іздейтіндей әсерді де сездім. Ән әуелегенде иегі көтеріліп, сұстанған қабағы түйіледі, төмендегенде жүзі жадырап, шырайынан жылылықтың нәзік ғана лебі еседі. Ауадағы мың құбылған сиқырға толы әуеннен өмірге деген құлшыныс пен сүйіспеншілікті, артынша «Әттең-ай!» деген, мынау алдамшы дүниенің опасыздығын меңзеген өкінішті де байқадым...

Әй дүние-ай шіркін, өтерсің бір күн,
Өтеріңді еске алып тұр дүркін, дүркін.

...Өткенге деген сағыныш та тынысын тарылтып, кеудесін жалын боп күйдіріп бара жатқандай ма, қалай?!.. Осы бір әнге әлдебір құдірет арқылы бар өмірі, қуанышы мен қайғысы, бәрі-бәрі байланып тұрғандай... Өзінің асқақтығымен жанға шаттық пен қуат сыйлаған, енді бірде жанды қинап, нәзіктігімен өзекті өртеген ән де бітті-ау, көзін ашып жан-жағына қарап алып, көзін әншіге тіктеген Бекең:

– Сенің барыңа құдайға мың шүкір, тәубә!, – деп тебірене келіп Нұржанды құшақтады. Жанары жасқа толы, ішкі дүниесі алай-дүлей толқып тұр, «Әй, дүние – ай, шіркін...?!». Фәнидің жалғандығына шара бар ма?... Үстінен бір ауыр жүк түскендей «үһ» деп таудың салқын ауасымен кеудесін кере демалды.

Сәл тыныстап алып жан-жағын тез көзбен шола қойып, бірден түсінген Нұржан әнші домбырасын қағып-қағып жіберіп, қол ұстасын жүздерінен мейірімнің нұры тамған, бірін-бірі қимай тұрған екі ағасына бір қарап алды да, Әдепхан ағасының «Жайлау әнін» шырқап сала берді. Кең тынысты әсем дауыс Белбұлақты әуезді әуеннің сиқырына бөлеп тербетіп тұр. Бүкіл өн-бойым шымырлап әсем әннің екпінімен жүрегім бірге соғатындай – дауыс асқақтай жоғарылағанда жүрегім алқымға келіп кеудемді жарып жіберетіндей, әуен төмендегенде түпсіз тұңғиықтың түбіне шөгіп, әне-міне ауа жетпей тоқтап қалатындай күйдемін... Не деген, елесімен еліткен сиқырлы әлем! Екі ағамыздың да әндері атажұрт аспанында шарықтай әуелеп, қанатын барынша керген қырандай қалқыды. Кім біледі, мүмкін ата-баба рухы да тебірене тыңдап, ұрпақтарына ризашылығын білдіріп, ақ баталарын берген болар! Ылайым солай болсын! Иә, ғасырлар бойы атадан ғибрат болып келе жатқан «...Ағаның алды Ақ жайлау...» деген киелі сөздің де құдіреті мен қасиеті осы шығар...

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ОРДАЛЫ ЖЫЛАНДЫ ОЙНАТҚАН ДҮЙСЕН БАҚСЫ

(Басы 1-бетте)

Таңғажайып белгісіздікті түсінуге деген ізденімпаздығы күшейеді. Адам бойындағы ашылмаған құпиялардың бірі – бақсылық. Қазақ даласының тарихындағы бақсылықты әулиелік деп, көріпкелділік деп тану ежелден қалыптасқан. Бақсылықтың жоғарыдағы Көк Тәңірінің жердегі көлеңкесі, елесі деп санағандығы да тосын нәрсе емес.

«Қазақ ұғымында: бақсы – діни ырым – жораны тұтынатын, ұстаз қызметін атқаратын әрі жыршы, әрі күйші, әрі емші, әрі сәуегей1 – дейді Ақселеу Сейдімбеков (Алматы «Сонар» - 111 бет 1989 ж.). Біздің Жаркент аймағындағы көптеген елді бақсылық іс-әрекетімен емдеп, сауықтырып жіберіп отырған адам А.Сейдімбеков берген анықтамаға сай әрі бақсы, әрі емші.

Бойына осындай ерекше қасиет біткен адамдардың бірі – Дүйсен Мұхаметжанұлы 1931 жылы Қытай жерінде туылған. Руы Суан ішіндегі Елшібектен тарайтын Алакүшік деген атасынан. Ел арасында «Дүйсен бақсы» атанып кеткен. Халық арасында «жын соққан», «перінің салқыны тиген», «есі ауысқан» т.б. психикалық ауруға ұшырағандарды және кез-келген ауырып қалған сәбилерді емдейтін қасиеті, боран соқтыратын, жылан қаптататын, жеңгелерімен әзілдессе жұмыртқа туғызатын, елдің жоғалған малының түсін түстеп, қай кезде табылатынына дейін айтып беретін болған. Адамдарды емдей жүріп, олардың аурудан жазылып кететінін яки өлетін шағына шейін болжаған көріпкел жан иесі еді. Бұл қасиет Дүйсенге жастай дарыған. Төмендегі әңгімені қазір 76 жасқа келген Мұхамет (Қамаш) Мұқашұлының айтуынан жазып алдым. Қамаш (туыстары осылай атап кеткен) ҚХР-дың Қорғас ауданының Чипаңзы қыстағында туылған. Руы Суан ішінде Молақ, одан Қабанбай. Осы оқиғаны көзбен көрген кезінде 17 жаста болыпты. Бұл оқиға 1958 жылдары болған. Дүйсен бақсылық ойнағанда көзбен көрген куәгерлердің ішінде Айту есімді ағасы да Қазір Алмалы ауылында екеуі бір көшенің бойында тұрады.

Дүйсен жас кезінде, 15-тер шамасында болса керек, ел жайлауда отырғанда он – он бес күндей із-түзсіз жоғалып кеткен. Одан кейін қайта келіп, қайда, не істеп не қойғанынан тіс жармаған. Қайта айналып келген кезінде бақсылық қасиет қонған. Бұл тылсым қасиеттің оның бойында қалай пайда болғандығын, қалай қонғандығын санамен ойлап табу мүмкін нәрсе емес.

Қамаш ағамыз әңгімесін мынадан бастады.

«Шамасы қыркүйек айында Алтай қыстағында отырған кезімізде Айту ағамыздың әйелі Бибәтима жеңгеміз (руы Ақша Қалиақпар деген кісінің қызы) ауыр аяқ кезінде жарым түнде далаға жалаң бас шығып түзге отырған, орнында ес-түссіз құлап қалған екен. Айту ағамыз өзінің әке-шешесін оятып, әйелін үйге көтеріп алып кіргізіп, жатқызып қояды. Жақын маңайда күзеуде отырған қайын жұртын оятып оларды да шақырып алып келеді. Абыр-сабыр болып сол ауылдың молдасы Жұмағұлды (руы Ақша) шақырып, дем салдыртады. Молда біраз қарап дем салып, ішірткі жазып беріп кетеді. Таңертең әкем Мұқаш інісі Әленді қос атпен біздің ауылдан 25 шақырымдай жердегі Тақырқарауылдағы күзеуде отырған ауылдағы Дүйсен бақсыны әкелуге жұмсап жібереді. Дүйсен сол кезде жаңадан бақсылық ойнап жүрген кезі еді. Түс ауа ауылға жеткен Дүйсен бақсы үйге жақындап келіп, аттан түспей тұрып қатқыл дауыстап:

– Аман-есен туатын баланы ішірткі беріп өлтіріпсіңдер, енді Жұмағұл молда өзі жазып алсын, мен қарамаймын, – деп атының басын кері бұра бергенде әкем Мұқаш:

– Әй, Дүйсен, бұлардың басы жас, өздері аман-есен қалса болды. Сен қарап бер қарағым, – деп Дүйсеннің атының тізгінінен ұстап жалына сөйледі. Дүйсен сонда да жібімей, аттың басын бұрып тұрып ат үстінде тұрып дауыстап:

– Бір демалыстан кейін келіп көрем, баланы өлі туады. Әйелді тазала, ретке келтіріңдер, бір жетіден соң келіп қараймын, – деп басқа ештеңе айтпай кетіп қалды. Ол кезде әйелдің астынан қызыл кетіп, ес-түссіз жатқан еді. Айтқандай бір жетіден кейін Әлен бауырымыз атпен барып, Дүйсенді ауылға алып келді. Аттан түсіп, үйге кіріп:

– Мен енді оқимын, қараймын. Бәрің дәрет алып, тазаланып, зікір салып отырасыңдар. Ойынға қатынасатындар үйде отырыңдар, далаға от жағып, оған кетпен мен қысқашты салып, қыздырыңдар, – деді. Содан соң Айтудың өзін жұмсап, бір қара тауық алдырып, үйдің оң жақ босағасынан шұңқыр қаздырып, тауықты тірідей көмгізді. Баршамыз бақсының айтқанын істеп, дәрет алып тазаланып, үй ішінде жүрелеп отырып ақырын күттік. Киіз үйдің ортасына киіз төсетіп, үстіне көрпе салдыртып, бір жетідей сұлық жатқан әйелді көтертіп алып келіп жатқызып, даладан ұзын сырық алдыртып, оған таза ақ бәтес байлап, созылып жатқан әйелдің бас жағына ту етіп, жерге шаншып қойды. Өзі қимылсыз жатқан әйелдің оң жағына жүрелеп отырып, әлде бір нәрселерді оқи бастады. Дауысы барынша қатты шығып отырды. Бұрынғылардың айтуынша бұл оқу «Қасидан» немесе «Теріс оқу» делінеді екен. Төбедегі бел ағашқа қыл арқанның бір ұшын байлап, бір ұшын жерге тигізіп қойды. Дүниедегі біз естімеген

түрлі аурулардың атын атып, ауру адамды тумен қоса айналып, арқанмен жоғары өрмелеп, төбеге шығып, одан қайта түсіп, аласұрып кетті. Өзінің үстінде кеудесі ашық ақ жейдесі, басында шарт байланған ақ шаршысы, бұтында ақ дамбалы және жалаң аяқ болды. Айқай салып: «Әкел кетпенді» - деп, шоқта қып – қызыл болып тұрған қызыл кетпенді екі аяғымен бірдей басып тұрғанда еттің шыжғырылғандай, қуырылғандай дыбыс естіліп, қоңырсыған иіс үйдің ішін жайлап кетті. Қызған кетпенді алып, ақ бәтеспен жабылған әйелдің басынан бастап тұтастай аяғына дейін тигізіп, ұшықтағандай етіп, аптап шықты. Кетпеннің қызуы басылып, суынып, қарайған кезінде қызған қысқашты быжылдатып, тіліменен жалап алып, айқайлап әр түрлі аятты айтып, ауру болған әйелді айнала отырған адамдардың ішінен Күлишаны (Қолаш деген ағамыздың әйелі) қысқашпен иығынан нұқып «сенде де бар, райыңнан қайтасың ба?» - деп бірнеше рет қайталады. Дүйсен бақсылық жасап, оқып жүрген кезінде үйдің сыртында жер әлем гүрілдеп, бір нәрсе гүілдеп тұрғандай, иттер шулап, аттар кісінеп, шу-шұрқан болды. Бақсылық ойнауды бастаған кезде ауа райы ашық, мамыражай кез болатын. Кетпенді екі рет, қысқашты екі рет қайталап қыздыртып алып келіп, табанымен басып, тілімен жалап, суытып, бақсылық ойнады. Арасында бір тыныстаған сәтінде ақпар кесеге ерітіп қойған қазақы қойдың майын дем алмай сіміріп алды. Екінші рет қысқашпен ұрып, ұшықтап біткен кезде жеті күн өлген адамдай талып жатқан жеңгеміз үстіндегі ақ жамылғыны ысырып тастап, ұшып түрегеліп: «Әне кетті тазы, міне кетті тазы», - деп айқайлап тұрды. Сол сәтте Дүйсен бақсы да жеңгемді шап беріп, қолынан ұстап алып, туға қайтадан жықты. Қысқашпен нұқып ұшықтап, тыныштандырып, ұйықтатып жіберіп қайтадан ақ сейсепті жауып қойды.

– Болды ауруын таптым, келініңіз жазылады, ауырған түні перілер қыз ұзатып бара жатқанда жолында тұрып қалған екен, жолды босат деп қолының сыртымен қаққан екен. Қайта аман қалған. Егер алақанының ішімен соқса, өліп кетер еді. Келініңіз ертеңгі азан дауысымен оянады. Бұл үйден дәм татпаймын, кетемін. Айту, сен ертеңгісін тауықты қазып алып, көр, тірі болса келіншегің дақ қалмай, жазылып кетеді. Өлі шықса келіншегіңнің ауруы қалып қояды. Тауықты қазып алған соң таңғы ауанда тоғыз жолдың торабына апарып таста. Келінді кимешек кигізіп, намазға жығып қойыңдар. Бір аптадан соң келіп, тұмар беремін, – деп астан ауыз тимей аттанып кетті.

Келесі күні Дүйсеннің айтқанындай Айту ағамыз оң жақ босағаға көмілген қара тауықты қазып алды. Бір тәуіліктей көміліп, топырағы тапталып жатқан тауықты қазып алғанда тірі шықты. Дүйсеннің айтуы бойынша тоғыз жолдың торабына апарып, тауықты босатып қоя берді. Жеңгеміз содан соң бір аптадан кейін құлан таза жазылып кетті. Ештеңе болмағандай күйде болды. Әкемнің інісі Әлен ағамыз Дүйсенге барып, атпен алып келіп, қой сойып, қонақ жасап, риза болғандықтан жүйрік жирен қасқаны мінгізіп жіберді», – деп естелігін есіне ала айтып шықты.

Дүйсен бақсының ел арасында жасаған осындай әр түрлі емшілігі жөнінде көзі көргендер мен естігендердің аузында көптеген әңгімелер жүр. Соның бірі Алмалы ауылындағы өзі тұратын көшедегі Қожахмет деген кісінің қызы – Салтанатты емдегені.

Қожахметтің 10 класты бітірген қызы бір күндері өз-өзінен үрейі ұшып, айқайлап «Әзірейіл келіп тұр, жаныңды аламын деп есіктің алдында келіп дүр» - деп қорқып, сөйлеп кетеді. Әке – шешесі неге бұлай деп сұраса: «Әке мен жынды емеспін, мен сап – саумын. Маған ылғи үңірейген көзі бар қара кісі келіп қарап тұрады» - дейді. Әке – шешесі дәрігерлерге, тағы басқа адамдарға емдетпек болып көрсетеді. Бірақ осындай қылықтарын жиі қайталай берген соң Дүйсен бақсыны үйіне әкеліп, қарап беруін сұрайды. Бірақ Дүйсен бақсы қызды қарап болып: «Бұл қыздың ешқандай ауруы жоқ, сап – сау. Бірақ оның көзіне жан алғыш әзірейіл көрініп, келіп тұр. Екі күннен кейін келіп, жанын алады. Бұл қыз қайтыс болады» - депті. Айтқандай екі күн өткен соң даладан үйге жүгіріп кірген қыз «Әне жан алғыш үйге кірді» - деп талықсып жығылып, сол жерде қайтыс болып кетеді. Дүйсен бақсы ғана емес, көріпкелдік қасиет қонған жан екендігін еріксіз мойындайсыз.

1949 жылдары Қытай халық республикасы құрылып, Қытай коммунистік партиясы елде тәртіп орнатуға көшіпті. Ескіліктің қалдығы деп емшілерге, тәуіптерге, сыныққышлар мен бақсыларға қандай да бір әрекет жасап, елді емдеулеріне тыйым салуға кірісіпті.

Сондай кездің бірінде Чимпаңзыдағы партия басшылары аймақтағы бүкіл бақсы – балгерлерді жинап, өтірік бақсы – балгерлерге тыйым салмақ болып әрі мықтыларын анықтамақ мақсатпен «Сендер шын өнерлеріңді көрсетіңдер, әйтпесе жазалаймыз» деп қорқытыпты. Сонда Дүйсен бақсы ортаға шығып, комиссия жиналып отырған үйдің ішіне дөңгелек шеңбер салып, сызып қойыпты да, дөңгелектің ішіне ысылдатып, қаптаған қалың жыланды жіберіпті. Жыландар үйме – жүйме болып, ысылдап, ысқырып адамдардың зәре – құтын алған. Комиссия мүшелерінің қорыққанынан дымдары шықпай, сілейіп отырып қалған. Дүйсеннің бойындағы қасиетіне көздері жеткен комиссия мүшелері үн – түнсіз оның ерекше адам екендігін мойындап, босатып жіберіпті, – деп ауыл қариялары көргендерден естігендерін айтады.

Ал, дәл осындай оқиға осы Алмалы ауылында да болған. 1960 жылдардан кейін туған жерге оралған соң Дүйсен бақсы біраз уақыт колхоздың жүгері алқабында сушы болып жұмыс істейді. Қасында өзімен бірге жүгерінің суын суғарысып жүрген адамдар, әсіресе Шынжырбай деген кісі Дүйсекеңді мазақтап қоймапты: «Сендегі қайдағы бақсылық, өтірік емдейсің. Шын бақсы болсаң, бірдеңе жасашы» - деп мазалай беріпті. Сонда Дүйсекең әлденені оқи бастаса керек, әлден кейін Шынжырбай су ұстаған жердің бәрін ысылдаған, ысқырған жыландар қаптап кетіпті. Содан ойбайын салып қашқан Шынжырбай екінші қайтып ол кісіні мазақтамақ түгілі маңайына жоламай кетіпті, қасындағылары да ол кісіден өздерін аулақ ұстауға тырысатын болған.

Кезінде Елтінді батыр атындағы орта мектебінің бастауыш сыныптарында сабақ берген Сыдықова Оралханның жақын туысы болып келетін 1956 жылы туылған Гүлбаршын Мырзақасымқызы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетінде оқып жүрген кезінде университеттің жатақханасының бесінші қабатынан құлап түседі. Ата – анасының және дәрігерлердің қамқорлығының арқасында сынған дене мүшелерінің бәріне операция жасатып, көп уақыт ауруханада жатып шығады. Аман қалғанмен басынан қатты жарақат алып, Алматы қаласындағы ауруханада миына операция жасатады. Бірақ та ауруханадан жазылып шыққаннан кейін, біраз уақыт өткен соң, психикалық ауруға ұшырайды. Әкесі Қоңырөленде ауылдық кеңестің төрағасы болып істеген, қаражатының жеткен жеріне дейін апарып, емдетіп көрген. Бірақ қатты зақымданған миының ауыр соққыға ұшырауы аз уақыттан соң өзінен-өзі бей-берекет сөйлеп, тұрып кетіп, айдалаға жүріп кетуге алып келген. Алмалыдағы біздің үйге келіп, қонақ болып жүрген кезінде не істеп, не қойғанын білмейтін. Ер адамдарды жинап алып «карта ойнайық» деп сөйлеп арттарынан қалмайтын. Сол 1979 – 1980 жылдары менің үлкен бауырым Омарғазыға Мырзақасым келіп қызын Дүйсен бақсыға апарып көрсетуді айтыпты. Дүйсен бақсы онда Сұптай ауылында тұратын. Кеңестік саясаттың күшінде тұрған кезінде көп нәрсеге тыйым салып, кей емші, сыныққшы, бақсы адамдар құдалауға түсетін кез еді. Дүйсен бақсы да Мырзақасымның қызын жасырын емдеп жіберген екен. Содан соң көп ұзамай Гүлбаршынның ақыл-есі қайта қалпына келіп, жазылып кетіпті. Кейіннен тұрмысқа шығып, аман-есен отбасымен бірге Талдықорған қаласында тұрады. Мамандығы бойынша орта мектепте мұғалім болып жұмыс істейді, – деп есіне алады.

Қарапайым адамдармен жай жүргеннің өзінде лезде тіл табысып, сөйлесе кететін адамның қаншама қасеттерге ие екендігін бақсының адамдарды әртүрлі шаралар жасап, көп адамдарды аурынан жазылуына септігін тигізгендігінен көрінеді. Кейде «есінен адасу», «жын қағу», «пері қағу», «жадынан айырылу» сияқты арулар адам миына, не болмаса денесіне сырттан енген әлдебір нәрселер болып көрінеді. Бақсы тылсым дүниенің сырын ашып, қарапайым адамдар түсінбейтін бірақ құдіреттің мейірімін түсіретін дұғаларды оқып, оның ақ қарасын айырып, одан денесінен жоғарыдағы аурулардың иесін (меніңше аурулардың иесі бар) шығарып, жіберіп отырған сияқты. Қытай Халық Республикасында тұрған кезінде Дүйсен бақсының көптеген ауруларды емдеп жазғанын бұрынғы жас адамдар, қазіргі ауыл қариялары өз көздерімен көргендерін айтып отыратын болған. Алмалыда тұрып 2000 жылдардың ішінде қайтыс болған.

Ел ішінде әкесімен дос болған Кувшинов деген орыстың аты қойылып, Көкшенеп атанып кеткен жездеміз Дүйсеннің жынданып ауырған әйелді қалай емдеп жазғанын көзімен көргенін інілері мен балаларына айтып отырады екен. Қытай жерінің Кеген деп аталатын тауының бауырындағы Кеген деген ауылында отырғанда сол ауылдағы бір әйел аяқ астынан ауруға ұшырап, жынданып, адамның ойына келмейтін нәрселерді айтып бақырып – шақырып, ауылды дүрліктіріп, елдің зәре – құтын алып, әлек – шәлегін шығарады. Бала – шағасы азып – тозып, жүдеп бара жатқан соң туыстары Дүйсен бақсыны ат жіберіп, алдыртып, қарап бер деп өтінеді. Бақсы ауруды көріп болған соң үй орнындай жерді тазалатып, жақын маңайдан төрт – бес арба құрғақ шырғанақты шауып әкелдіріп, дестелеп үйдіртіп, тұтатып жіберіп әбден лаулап жанған кезінде өзінің басқа жан адам білмейтін дұғаларын оқып, жынданған әйелді қолынан жетелеп әкеліп, отқа жақындаған кезінде жауырыны мен аяғынан ұстап, етбеттеткен күйде жанып жатқан оттың ішіне лақтырып жібереді. Әйел үн – түнсіз қызуы бет қаратпайтын лаулаған оттың ішіне жоқ болып кетіп, әлден уақытта ар жағынан еңбектеп шығады. Таңданарлығы сол от ішінен дін аман шығуы. Лаулаған оттың екінші басында күтіп алып тұрған бақсы әйелді ұстап алып, «Алла» деп айт, «Алла» деп айт деп айғайлап, үндемеген соң жаңағындай әдіспен әйелді ұстап алып, тағы да шатырлап жанып жатқан отқа қайтара лақтырып, сүңгітіп жібереді. Бақсының өзі емдеп жатқан әйелді көтеріп алып, салмағын бұйым құрлы көрмей, сабан салған қаптай, кәдімгі шомбыға қой тоғытқан адамдай жанып жатқан отқа әрі-бері лақтырып, қайта-қайта оттың екінші жағынан күтіп алып «Алла» деп айт деп сілкіп – сілкіп алады да, туды айналдырып тағы отқа лақтырады. Осылайша емді бірнеше ер қайталанады. Оттан шыққан мезеттің бірінде әлгі әйел есін дереу жиып алып өзі оттан шыққан жерде қарсы тұрған атасына сәлем жасап: «түү... мен не істеп жүрмін?» - деп бұрылып, үйіне жүріп кетіпті. Ел – жұрт бақсының қасиетіне таң қалып, тара-

сыпты. Әйел құлантаза жазылып, аман-есен отбасына, бала – шағасының қасына барыпты.

Дүйсен бақсы ауру адамдарды қараған шағында сол адамның күндердің күнінде неден, қалай жазылатын себебін де болжап айтатын болған. Бұл бақсының бойында көріпкелдік қасиетінің бар екендігін нақты көрсетеді. Аурудың тамырын басып, қан соғысын байқап отырып, сол арқылы ми жүйесіне енетін болған, осылай ауруына ем іздейді және бойындағы қуат энергияларын пайдалана отырып, болашақтан хабар алады. Мұндай мысалдың бірі: бірде бір ауылда жынданып кеткен әйелді көріп оның іс- әрекетін бақылап отырып, «Мұның жынын айғыр алады» депті. Шамалы күндерден соң ауыл маңында жүрген бір топ жылқының ішіндегі үйірдің айғыры арқырап келіп, ауыл ортасында далбаңдап жүрген жынды әйелді талай бастайды. Жынданған әйелді жерге жығып салып тістелеп, сүйрелеп жүрген айғырды көрген ауылдың бір әйелі бақанды алып, жүгіріп келіп, айғырды қуып жіберіп ажыратып алады. Бұл оқиға Дүйсеннің құлағына жеткен екен. «Қап, бекер болған екен, түбі үзілмей қалды», – деп өкініш білдіріпті. Адамдар алғашында айтылған сөзге мән беріп, құлақ қоймағандықтан есі ауысқан әйелді адуынды айғырдан ертерек ажыратып алғандықтан ауру шала жазылған.

Қазіргі кезде ой-қиял ғажайыптарды, құбылыстарды ақпараттар желісінде еркін талқылауға жол ашылды. Адамның бойындағы күш-қуаты өз табиғатына тікелей байланысты және ерекше біткен қабілет-қасиеті болады. Жеке адамдардың бойындағы көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын магиялық күш құдіреттілігімен тәнті етеді. Соны, табиғиғат берген күш – қуатты бір жүйеге жиып, топтастырып көрсететіндерде бар. Ежелгі замандағы окультизм (латынша құпия деген сөз) жай адамдар сезе алмайтын тек қана бойына ерекше жаратылған қасиет қонған адам ғана аспан әлемімен байланысқа түсе алады деп санаған. (Мысалы Египет пирамидаларындағы абыздарды еске түсіріңіз). Дүйсен миының ғарышпен байланысқа түсетін өз ағзасын іске қосып, ауырған не болмаса есі кірмей жатқан адамның миына клеткасына әсер етіп, жан кіргізіп оятып, бастапқы күйіне келтіре алатын сияқты). Он бестер шамасында ауыл жұртшылығының ортасынан ізім –ғайым ғайып болып кеткен аз күннен кейін қайта пайда болған кезінде Дүйсеннің бойында магиялық, гипноздық, сәугейлік қасиеттердің пайда болуы оның адамға осы қасиеттерді дарытатын ғарыштық тылсым күшке ие болып қайтуынан болуы мүмкін. Дүниенің немесе ғарыштың қай шегінде болды, не көрді, қалай қасиет қонды ол кісінің өзімен кетті.

Гипноз (ерекше - ұйқы) адам мен жануарлардың ұйқы құшағындағы күйі. Гипноздың күшімен ауруды емдеу оны ұйқылы ояу, бей-жәй күйге түсіріп, жан – дүниесін еркін меңгеріп әр үрлі ғажайыптар көрсетуге болатынын жақсы меңгерген. Дүйсен бақсы ауру адамдарды емдегенде гипнозды көп қолданған. Төңірегінде адамдар бақсылық қасиетіне сенбестік білдіргенде «қазір қарап тұрыңдар» деп әр түрлі ғажайыптар көрсететін болған. Мал жайып жүрген жігіттердің «сиқыр көрсетіңізші» – деген қолқасын қабыл алып, алдарында жақын жерде жайылып жүрген сиырлардың ішінен өздеріне жақындау бір өгізді нұсқап «сендер қарап отырыңдар қазір мен ана өгіздің аузынан кіріп, артынан шығамын» - деп отырғызып қойып, өзі айтқан әрекетін бұлжытпай орындап шыққан. Дүйсекеңнің жаңағы айтқанын естіп, енді қалай болар екен деп отырған әлгі үш-төрт жігіттің алдында жерден көтеріліп, (көздеріне солай көрінген) көлденеңдеп қалықтаған Дүйсен бақсы өгіздің аузынан кіріп, артынан шығып кеткен. Адам баласының мынандай қасиетін бірінші рет көзбен көрген жаңағы малшылар орындарынан қозғала алмай көздері бақырайып, сілейіп қалған. Бақсы жандарына келіп тіл қатқан соң ғана естерін жиып, сөзге келіпті. Ал шын мәнінде Дүйсен бақсы гипнозды шебер пайдалана біліп, оның құдіретін көрсете білген. Ұзақ жыл көршісі болған Көпбаеев Даулетханға (мектепте шаруашылық жөніндегі орынбасар) осы көрсеткен ісін айтып беріпті. «Мен олардың көзін байлап тастап, өгіздің қалқасымен ар жағынан жүріп өтіп, артына шықтым» – деп күліп қойды дейді.

Бақсының бойындағы тағы бір ерекше біткен қасиеттердің бірі сәуегейлік қасиет. Бұл да оның жоғарыдағы айтқан өзге дүниеден алған тылсым күшінің құдіретімен іске асатын сияқты. Сол құдіреттің арқасында жоғалып кеткен малдың да ағзалары шығаратын сәулелері мал иесінің ми қатпарларындағы ағзаларының жүйесі шығаратын сәулелерімен түйістіріп, сол арқылы әрекет жасайтын секілді. Өз бойындағы ерекше қабілетін пайдаланып, жоғалған малдың өзін иесі кездестіретін жерге бағыттауы иесінің де ми жүйесіне әсер етіп, мал табылатын, кездестіретін жерге жетелейтін болған. Бұл жерде бақсының көріпкелдігі де бізге беймәлім толқындар арқылы көру қабілеті көмекке келіп, іске қосыла әрекеттесетін тәрізді. Малы мен заттары жоғалған адамдардың көзіне бір қолының алақанын қойып, адамның алақанын қолына алып, түрі – түсін, қай жерде екендігін және қай кезде табылатынын тайға таңба басқандай айтып берген жағдайлар көптеп саналады. Әңгімелесіп отырған кезде Қамаш ағамыздың да, алақанына қарап, жоғалған жылқынызды түстен кейін табасыз деп түр – түсіне дейін түгендеп бергендігінен хабардар болдық. Айтқандай-ақ, жоқшы түстен кейін бақсы сілтеген жерінен жайылып жүрген жылқыларын тауып алыпты. Әлдебір тылсым күш болып саналатын шеңбердің өзін қуат көзінің бірі ретінде пайдаланып оның ішіне тек өзіне ғана бағынатын ордалы жыландарды топтастыруы, жануарлардың да ми жүйелеріне нәзік сәулелерді бағыттай отырып, өз ырқына көндіріп, айтқанын орындатып отыруы, ғажайып таңданарлық нәрсе. Қолымен сызған шебердің өзі де бұл жерде дуалы күштің ықпалына бағынып тұр. Ұланғайыр қазақ даласындағы ата-бабаларымыздың арасынан нешеме көріпкелдер, әулиелер, бақсы, балгер, шипагерлер шығып, адамдарға ем-дом жасап, қаншама ауырып, жаны күйзелген адамдарды қатарға қосты. Қазақтың дала медицинасының өзі осындай жоғары деңгейде болған. Қазіргі күндерде де нағыз қасиет қонған көріпкелдер, құмалақшылар, шипагерлер халық арасынан әлі де кездеседі.

Молот СОЛТАНАЕВ,
ақын, «Жаркент айнасы» газетінің Бас редакторы.

КЕМЕЛ ДЕСЕ, КЕМЕЛ ЕДІ...!

Ұмытпасам, 2002 жылдың ақпан айының орта кезі болатын. Қаралы хабарды естігенімде, анығын айтқанда облыстық газеттен оқығанымда мен ауруханада жатыр едім. Жүрегім шаншып өтті. «Қайран Кемелім-ай» дегенімді жанымдағылар естіпті. Өңім бозарып кеткен болуы керек, дәрігер шақырыпты. «Бауырыңыз ба еді, иманды болсын» деп жатыр жанымдағылар...

Иә, бауырым еді... құрдасым еді. Менен тоғыз ай ғана үлкен болатын. «Мен шығып келе жатқанда, сен кіріп бара жатыпсың» деп әзілдеуші еді.

Мен Кемел Құсайынмен 1992 жылы 15 наурызда аудандық «Қазақ тілі» қоғамына төраға болып сайланғаннан кейін таныстым. Онда ол облыстық ұйымның төрағасы болатын. Бұрын сырттай газет арқылы білетінмін. «Қазақ тілі» қоғамының жиынында облыстың басқа аудандарының басшыларымен мені таныстырды. Әлмен Аханов, Ахмет Кендірбекұлы, Қараша Қараман, Салтанат Дәрібаева т.б. қыз, жігіттермен жақын араласып кеттік. Өзімізді «Тіл майданының сарбаздарымыз» дейтінбіз. Сардарымыз Кемел.

Кемел десе кемел, сардар десе сардар еді. Қолынан да, тілінен де келетін. Елге дегенде, бізге дегенде еменжарқын болғанымен, ана тіліміздің абыройына нұқсан келген тұста нағыз сардарша айбарлы да, сұсты болып шығатын. Кешірімге келмей тіке тартатын.

1990 жылдары азаматтық «Азат» қозғалысының жігіттері ұлт құндылықтарын қалпына келтіру, ең бастысы қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қалыптастыру жолында атқа қонғанда Тұрсын Әбдіуәли ағамыз бастап Кемел, Қанат, Дәулет т.б. жігіттер жұлқынып алға шықты. Оларға аудан-аудандардан ұлтжанды азаматтар қосылып қатарымыз көбейе берді. Панфилов ауданынан да Нәби Құмарбекұлы, Мәлік Балғабаевтар бастаған жігіттер мен қыздар бірігіп үлкен бір күшке айналып едік.

Сол 90-шы жылдың мамырында «Қылығы қыңыр, ісі жат» атты сын мақала облысымыздың түкпір-түкпірін дүр сілкіндіргені күні бүгін есімізде. Авторлары бәрімізге белгілі журналистер Кемел Құсайынов, Тәкен Әліпбаев, Қанат Асқаров. Үшеуінің дәйекті жазылған осы мақаласынан кейін әлі тағынан түсе қоймаған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы А. Жигулин мырзаның шегесі босап, ақыры жұлынып тынғаны белгілі. Бұл Кемел қайраткерлігінің басы ғана еді. Ол өмірінің соңына дейін ұлтының мүддесін қорғау, ана тілінің айбынын асыру мақсатында ұшан-теңіз еңбек еткенін басқадан бұрын жанында жүрген біздер жақсы білеміз.

Бүгінгі тіл басқармасын басқарып жүрген жігіттердің бірі, менің әлі ауданда «Қазақ тілі» қоғамын басқаратынымды естіп, «осы сіздер не істейсіздер сонда?» деп менсініңкіремей сұраған еді. Әлгінің емеурінінен «біз

тұрғанда сіздерге не жосық» дегені байқалады. Осы сөзді Кемелдің естімей кеткені де жөн болған екен-ау, деп ойлап едім сол сәтте.

Бүгінгі таңдағы мемлекеттік тілдің жеткен жетістіктерінің басында «Қазақ тілі» қоғамы тұрғанын құдай да, көзі ашық азаматтар да жақсы біледі. Кемел Зікірияұлы басқарған «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері ана тілімізге сілтенген жалаң қылышқа кеуделерін тосқан еді сол жылдары. Бұл әсерлеп айтқан сөз емес, шынайы құдайи шындық.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекеттік тіл статусын жаңа алған қазақ тіліне деген қарсылық сұмдық еді. Басқасын айтпағанда, сол кезде 80 пайыз қазақ пен ұйғыр халқы тұратын Панфилов ауданының өзінде тілге деген қарсылық шектен шығатын. Солардың намысымызға тиетін сөздерін естіп, жеккөре қараған түрлерін көріп, пыш-пыштаған қитұрқы әрекеттерін байқай жүріп ымыраға келуге ұмтылдық. Басқа ұлттардың шамына тиіп алудан қаша жүріп «ұрыстық», түсінісуге тырыстық.

Жаркент қаласындағы аудандық ауруханадағы «Қазақ тілі» қоғамының бастауыш ұйымын басқаратын ұлтжанды дәрігер ағамыз Тұрысбек Әлпейісов екеуміз емхананың маңдайшалары мен іс қағаздарын қазақшалап тастаған едік. Соған қитыққан орыс тілділердің айтағымен ауданға белгілі кәріс жігіті аудан әкімі қатысқан бір жиында «бізді кәріс, орыс деп бетімізге айтады, бөлектейді», деп тиісті. Сонда аудан әкімі Әділшайық ағамыз «сені кәріс демей, полукәріс деуі керек пе еді олар» деп қағытып, жиында отырғандарды ду күлдіргені есімізде. Білікті басшы сол әзіл сөзімен-ақ біздің жұмысымызды қолдайтынын білдіріп, бір көтеріліп қалып едік. Жаркент қаласының әкімшілігінде істейтін есімі ауданға белгілі орыс келіншек Кемел бастаған облыстық тексеру кезінде «Іс қағаздары неге әлі мемлекеттік тілге көшірілмеген?» деген сұраққа жауап берудің орнына дауыс салып шыңғыра жылап жібергені бар. Мұндай қитұрқының талайын бастан кешірдік. Кейбір өздерін «жабық» мекемемізміз деп есептейтіндер бізге мұрнын шүйіріп, жуытпауға, іс қағаздарын көрсетпеуге тырысатын. Тіпті қоғамдық ұйым болғандықтан кейбір мемлекеттік мәселелерден бізді шектеген соң да, Кемелмен ақылдасып, Алматы қаласында өткен Республикалық «Қазақ тілі» қоғамның екінші Құрылтайында (1992 жылы) ақын Әбен Дәуренбеков екеуміз сөзге шығып, Талдықорған облысы делегаттарының атынан «Мемлекеттік тілге мемлекет қамқорлығы керек, ол үшін «Тіл комитеті» құрылсын» деген ұсынысты қолдайтынымызды айтқан едік. Көп ұзамай «Тіл комитеті» құрылды да.

Міне, осының бәріне шыдай жүріп «Кемелдің сарбаздары» тіліміздің беделін бүгінгі дәрежеге жеткізуге күш салдық, аянбай тер төктік, он теңгелік мүшелік жарнадан түскен жетер-жетпес қаржымен өмір сүрдік. Тілім аман болса мен де аманмын деп «шалқып» жүрдік. Есесіне жүйкемізді құрбан еттік. Кемелдің өмірден ерте кетуіне де сол жүйке тоздырар қиындықтардың әсері болды ма екен деп ойлаймын кейде. (Ал, соның бірін де көрмей, бастарынан кешірмей, дайынға келгендер әлгіндей «топас» сұрақтар қояды бүгінде).

Кемел бауырмал жігіт еді. Әр қазақ менің жалғызым деп түсінетін. Талдықорғанға барғанда мені Абай ауылында тұратын қара шаңырағына, одан қаладағы өз үйіне ертіп келіп, жұбайына «үйімізге Суанның үлкен ақыны келді Дина, қарсы ал» деп әзілдей төрге бастайтын.

Поэзия жөнінде, Мұқағалидың өмірі мен шығармалары жөнінде, қазақ тілінің болашағы жөнінде ұзақ әңгімелесетінбіз. Менің өлеңдеріме өзінің пікірін айтып, сын-ескертпелерін жанымды ауыртпай әзілмен жеткізіп, қамқорлығын сездіріп отыратын. «Өлеңді бұрқыратып жазып үйіңде сақтамай, кітап етіп шығар. Сен Одаққа өтіп, ақын-жазушылардың белортасында жүретін ақынсың. Әттең, қол қысқа, болмаса кітабыңды өзім-ақ шығарып берер едім. Амандық болса оған да жетерміз. Қоғам күшейгенде ақын-жазушылардың кітаптарын өзіміз-ақ шығарып тұратын халге де жетерміз-ау» деп армандайтын.

Ал, Жаркентке келсе, ешқандай қонақ үйлерге бармай, «тоғыз ай кіші құрдасымның үйіне барып, Түкеңнің (менің жұбайымда айтады) шайын ішейік, содан артығы жоқ» деп, жарқын жүзбен жарқылдай күліп біздің үйге келуші еді. Өзімсіне сөйлеп, балаларымды мейірлене басынан сипайтын. Екеуміз түн жарымына дейін әңгіме-дүкен құрудан жалықпайтын едік. Өзіне ғана тән тартымды күлкісі қазір де құлағымда тұрғандай.

Ұлт тағдыры үшін қиын кезеңдерде күн-түн демей күресіп, өздерін аямай, денсаулықтарын сарп еткен Кемел сияқты біртуар азаматтардың бейнесі ешуақытта көмескі тартуға тиіс емес.

Исламғали ЖАРКЕНТИ
ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

ҚАРАҚАТ ТЕРЕ БАРҒАНДА

Қарақат тере барғанда,
Қиылып маған қарадың.
Балалық таза арман ба,
Сәулетай қимай барамын.

Қара домбыраның қоңыр үнімен қабыса шыққан әншінің әсем дауысы төгіліп тұр. Үкілі сәукелесі, етек-жеңі бүрмеленіп, кеңінен пішілген көйлегі, белін қынай буынған көк түсті камзолы – бәрі өзіне құйып қойғандай, мінсіз бойына жараса кеткен. Қарақаттай мөлдір қара көздері де сол баяғыдай нұрланып, лағыл тастай от шашып, жалындап тұр. Тек қос ішекті қағып тұрған оң қолының шылдыр шүмек саусағына көзім түскен кезде ғана көңілім су сепкендей басылып, пәс тартып қалды. Әрине, үйленетін жастан баяғыда-ақ асты емес пе. Оның несіне ренжимін, қайта қуануым керек шығар. Жанарымның мәңгілік жадында сақталып қалған Жадыраның балаң бейнесін дәл алдымдағы сахнада тұрған әнші келіншекпен салыстырдым. Өзгере қоймапты. Күлген кезде екі езуінде пайда болатын әдемі қос шұңқыр, тамсана сөйлегенде жарасымды ырғақпен қастарын көтеріп қоятындығы, ренжіп қалса ұрты томпайтып, астыңғы ерінін салпайтып шығаратыны... ары қарай есіме түсіргім келмеді. Жанымда отырған ұлымды қолынан тартып, жүр шығамыз деп ымдадым. Ол қозғала қоймады. Концертті көргісі келіп, көңілі құлап тұр. Ұлымның қолынан тартып, сүйрей жөнелдім.

* * *

– Сені директор шақырып жатыр, – деген хабарды естігенде төбе шашым тік тұрды. Сыныптағы жиырма төрт баланың қырық сегіз көзі маған аяныш сезімімен қарағандығын сезінгенде тіптен үрейім ұша түссін. Көзім алақтап, әркімге бейне бір құтқарып қалатындай жалынышпен жалтақтап қараймын. Үйге қашып кетсем бе екен деген де ой келді басыма. Деректір үйге дейін іздеп барса ше? Онда анық масқара болам ғой! Одан бір, шапалағы қатты әкемнен бір таяқ жесем...

Қырық сайтаным сан-саққа жүгіріп қанша сабылғанымен мандырымды, көңілге қонымды сылтау таппағасын амалымның жоқтығына соңғы мәрте көз жеткіздім де директордың бөлмесіне бет алдым. Сыныптастарым есіктен мені сол аяныш сезімін ұялатқан жанарларымен ұзатып салды. Өзара күбірлесіп қояды. Мектеп басшысы – физика пәнінің мұғалімі, ауылдың үлкендері жақсы боксер болған деседі. Оның жақсы боксер екендігіне сабақ беріп келе жатқан соңғы бір жылдан бері біздің сыныптың ұлдары талай мәрте «көз жеткізгенбіз». Жұдырығынан «дәм татып, су ішкесін» қаймығып тұрасың. Ал, ол кісі өзінің жеке кабинетіне шақырса...

Есікті имене аштым. Хатшы қыз отыр екен.

– А-а-а, Думан сенсің бе? Қазір мен ағайдан сұрап шығайын, – деді де деректірдің кабинетіне кіріп кетті.

Асығыстау шықты.

– Кіре ғой.

Тозақтың есігінен енгендей үсті-басымды тер жуып кетті.

– Сә... әлеметсіз бе?

– Саламат па Думанжан! Келе ғой, мұнда отыршы.

Дәл өзінің алдындағы орындықты нұсқаған. «Үh» дедім ақырын ғана тыныстап. Ұрыспайтындығы белгілі болды.

– Сабағың қалай?

– Жақсы, аға.

– І-і, сені шақырған себебім, – ол кісі көзінің қиығымен маған қарап қойды. Мен дереу жанарымды төменге салдым. Ұялғаннан, ия болмаса қорыққаннан емес.., түсіндіре алмаймын, әйтеуір, түсініксіз бір себеппен. – Мына бір хатты оқып шықтым.

Селк ете түстім. Отырған орындығыммен опырылып мұзды көлге түсіп кеткендей денем салқындап сала берді. Менің өткенде Жадыраға хат жазғанымды оның өзінен басқа ешкім білмейтін еді. Қалай ғана бұл кісінің қолына тиген?

– Өлеңің маған ұнады.

Рас, хатты өлеңмен жазғам.

– Сенің бойыңда ақындық талантың бар екен. Маған бір ой келіп отыр, егер де сен қарсы болмасаң осы өлеңді аудандық газетке берейік. Ол жердегілердің де ұнататынына күмәнім жоқ. Осыны өзіңмен ақылдасайын дегем, қалай қарайсың?

Қалай қарайтын несі бар? Тура солай қараймын. Әрине, қуанышпен. Бірақ айта алмадым. Жанарымда ойнап шыға келген ұшқынды аңғарған болуы керек, директор:

– Жақсы, онда, сабағыңа бара ғой. Хатты мен өзім салып жіберермін. Басқа да жазған өлеңдерің болса маған көрсет, тәуірлерін өзіміздің «Жетісуға» да салып жіберерміз. Келістік пе?

– Рахмет, рахмет, аға. Иә... сөйтем...

– Ал, бара ғой.

Директордың бөлмесінен қуанышым қойныма, қойным түгілі тұла-бойыма симай, біреуге тезірек айтқанша асық болып, сыныпқа қарай құстай ұштым.

* * *

Соңғы кездері өзімнен-өзім қуыстанып жүрмін. Сыныптастарымнан ұялып екі күн бойына сабаққа да келген жоқпын. Сыныпқа кіріп келгенде сайқымазақ Нұрбол мен Сармат мені мазақтай жөнелетін сияқты. Әйтеуір, біртүрлі. Біздің сыныптың ұлдары өздері жақсы көретін қыздарға деген сезімін баяғыда-ақ жариялап үлгерген. Барлығы дерлік өздерінен кішкене қыздарға. Ал, мен болсам әлі ұялам. Рас, Жадыраның менен төрт сынып жоғары оқитындығы – төрт жасқа үлкендігі бар. Мүмкін содан, әлде ұяң мінезімнен шығар. Білмейім. Көбіне ұндемейтінмін. Жадыра хас сұлу болғандықтан біздің ауылдың жігіттерінің оны ұнатындығы анық. Әсіресе менің ағамның досы Еркебұланның Жадыраны құшақтап кетіп бара жатқанын жақтырмай қалам. Кәдімгідей қызғанам.

Өткен күні шыдамымның ішегі үзіліп, өз-өзімді шарыққа салғандай намысымды қайрап, түпкі бөлмеге кіріп алып Жадыраға хат жаздым. Бар болғаны алты-ақ ауыз сөз. «Жадыра, сен маған ұнайсың. МСС. Думан». Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхатын» оқыған боларсыздар. Сонда «мен сені сүйемін» деген сөзді осылай қысқартып жазушы еді ғой. Мен де солай істегенді жөн көрдім. Ертесі хатымды он бес минуттық үзіліс кезінде ешкімнің жоқтығын пайдаланып Жадыраның бар болғаны төртінші сыныпта оқитын сіңілісіне тапсырып, өзіне беруін өтіндім. Кішкентай болса да қыздарың қу емес пе, маған қарап ыржиып қойды да хатымды қалтасына сүңгітіп жіберді. Сезіп тұр ғой. «Ашып оқушы болма» деп ескертуді де ұмытпадым. Келесі сабақ дене шынықтыру болатын, басымның ауырып тұрғандығын айтып Әнуар ағадан сұранып кеттім. Дене шынықтырудан результатым өте жақсы. Сөзге келмей жіберді.

Арада үш күн өткен, сабаққа бүгін ғана келіп отырмын. Сынып табалдырығынан аттай бере тосырқап қалдым, бір шетінен жатырқап тұрғандаймын. Біреулер менен сезіктенетін сықылды. Қазір келіп Жадыраға хат жазғанымды айтып, келеке ететіндей. Біздің сабақ оқитын бөлмеміз «11 б» сыныбынының

жанында болғасын солардың есігінен күн сайын қарап өтетінбіз. Мен енді оң жақтағы баспалдақпен жүрмей, сол жақтағы басқышақпен көтеріліп жүрмін. Жадыраның көзіне түсуге ыңғайсызданам.

Бір шетінен көргім келеді, бірақ көзіне түспеуге тырысам. Сол күні мен Жадыраны мектептен кезіктіре алмадым. Түстен кейін Қарасудың диірменіне ұн тартуға кеткен әкеме жәрдемдесу үшін қара құнаныма жәй ғана тоқым салып, бір тартпамен бос қана тартып жайдақ мінген күйі тоғайға тарттым. «Жарқабақ» ауылының ішімен жүрсем бұзық балаларымен байланысарым анық. Сыртымен жүрейін деген тоқтамға келдім. Кенет, астында атың бар, несіне қорқасың, тиісе қалса қамшының астына алып сабап кетпейсің бе деген тосын ой келді. Рас-ау, ешкім тиіспесе де, ешкімді сабамасам да көшелерінің ортасымен құнанымның жол жорға жүрісіне салып қойып ағызып өте шыққанымның өзі неге тұрады? Мақтан тілеген мәртаза көңіл аттың басын ауылдың ортасына бұрғызған. Ағызып өте шықтым. Орталық көшелерімен. Балалары тыныш. Тек шәуілдек иттері ғана шаңқылдап жүгірген, бір-екі рет қамшымен жасқап тастағасын олар да аптығын басты.

Орыс шалдың диірменіне келсем әкем ұн тартып болып қалыпты. Екеулеп жүріп он бір мөшек ұн мен екі қап кебекті кезінде таудан қарағай тасып шыныққан, баратын жеріне тоқтамаған, ентікпеген күйі шауып барып, шауып қайтатын, бойы тайға тақаулас, күші мығым көк есек жегілген жеңіл арбаға арттық та, жолға шықтық. Көк шалғыны тізеден келетін тоғай ішіндегі қара жолмен ақырын ғана аяңдап келе жатқасын мен тізгінді бос жібере салғам. Жәй жүріс құнанның ішін пыстырған сыңайлы, жүріп келе жатып тұмсығын қалың шөптің арасына тығып жіберіп, бір уысын күрт етіп үзіп алады. Мен көп сөйлемеймін, әкем менен өткен үндемес.

Менендігі кезекте Жадыраны ойлай бастадым. Шіркін, қазір жанымда болса ғой. Оған сосын «Жарқабақтың» балалары тиіссе, мен оларды атпен қуып жүріп сабасам, сөйтіп Жадыраны бұзық балалардан қорғап қалсам, оның маған деген сенімі артып, мойныма асылып, бетімнен «шөп» еткізіп сүйіп алса... «Балам-ау...» деген сөз құлағыма еміс естілді. Мен оны мойныма асылып алған Жадыраның «Бағланым-ау...» деп айтып жатқаны деп түсіндім. «Әй, Думанжан...». Жадыра тағы да «Ой, Думан жаным...» дегендей болды. «Әй, балам, Құдайберді нағашыларыңа тартып керең болайын дегенсің бе? Тез жүрсеңші». Дереу бойымды жинап алдым. Бойымды емес, ойымды. Әкем арбасымен алдыға түсіп кетіпті де, менің құнаным жиде түбіндегі қалың өскен қызыл мияға бас қойыпты. Тебініп қалдым. Қарагер тұмсығын пыр еткізді де басын көтерген бойында жол жорғасына салып тарта жөнелді. Бір жамбасыма аунай отырдым. Айнала қалың жиде мен қарақат.

Сіз осы сәйкестік дегенге сенбейтін боларсыз. Мен де сенбейтінмін. Бірақ не тілесең сол тілегіңнің аяқ астынан қалауың бойынша орындала қалса алдымен есіңе ең бірінші Жаратқан оралады екен. Әкем екеуміз "Жарқабақ" ауылына кіре беріс бауыздау алқымына қалың өскен қарақат арасымен өтіп бара жатқамыз. Кенет сіңілісі мен Жадыраның шоқ қарақат ағашының басына қол созып тұрғанын көзім шалды. Қызық сезім. Қуанып тұрғанымды, ия болмаса абыржып тұрғанымды өзім айырып болмаймын. Сәл жүрістен соң әкеме қарақат арасында шөптің қалың өскендігін, құнанды осында біраз жайып алатындығымды айттым. Әкем артына бір бұрылып қарады да:

– Көп кешікпе, шешең алаңдап жүрер, – деді.

Қарагерді кері бұрғам. Жадыраның жанына таяғанда қарғып түстім де жүгендегі сағақбаудың орынында жүретін тұсауды шешіп алып, атты тұсап қоя бердім. Енді қалай барам? Әйтеуір сүйретіле жақындадым. Амандасқам. Ол мені көрді де:

– Ой, Думан, сәлем! Қайдан жүрсің?, – деді.

Оның жүзінен маған байланысты бір жылылықты, қуанышты сезгесін батылдана бастаған сыңайлымын.

– Сенің осы жаққа кеткеніңді естіп, іздеп келдім.

Мені шешем осы ұяттан ада қылып туған сияқты. Шімірікпедім.

– Қойшы, – деді ол, – расыменен бе?

– Әрине, рас. Әлде сенбейсің бе?

– Жоқ, сенем. – Ол қарақат салып жатқан себетіне қараған. – Рахмет, – деді сосын, – рахмет іздеп келгеніңе.

Сіңілісі екеумізге қулана қараған. Өткенде менің хатымды жеткізген "пәштәлөн" қыз осы. Өзі де сезді-ау:

– Жадыра әпке, мен көкемдермен тере берем. Сендер өздерің.., – деді де бұрылып жүгіре жөнелді.

– Нәзөк, – деді Жадыра сіңілісіне, – көкеме де, апама да айтпа, иә?

Басын изеді. Нәзира. Жадыра өзіне жарасымды сүйкімділікпен маған басын қисайта қарады да:

– Өткендегі хатыңды алдым, – деді. Тағы да күлген. Сосын келді де әбжілдікпен менің бетімнен "шөп" еткізді. Қыз еріні тиген бетімнің оймақтай аумағы дызылдай жөнелген. "Ех, бақыт деген қыздың ерінінде жатыр екен ғой..."

– Маған қарақат терісесің бе?

– Терісейін, егер де сен қаласаң, – дедім.

– Жақсы болды, мә, ұста. – Ол маған Нәзира қалдырып кеткен шиден тоқылған себетті ұсынды.

Екеуміз де ендігі кезекте үнсіз ғана қарақат тере бастағанбыз. "Жадырамен унемі оңаша қала бермейсің ғой, осындай мүмкіндікті пайдаланып сөйлесіп қалсаңшы" деген ой бірнеше мәрте тілімнің ұшында тұрған сөзді сыртқа итерген. Өзімді тежей бердім. Неден бастаймын?

– Қарақатты қар бір жауып өткесін тереді деуші еді, сендер неге ерте бастап кеткенсіндер? – Сөз саптаған сиқым.

– Апам қант бар кезде теріп, варенье қайнатып алайық деген соң келгенбіз, – деді Жадыра іле жауап қатып.

Тағыда не сұрауға болады? Ойланып тұрғанымда Жадыра өзі сөйледі.

– Думан, бері келші, мына жерде қарақат қалың екен.

Шаппасам да тұра жүгірдім. Расыменен қалың түсіпті. Жіңішке ағаштың басын жерге жеткізе идім де қарақатын уыстап жұлып себетке сала бердім. Мен алған кезде жартылай болып тұрған себет толыңқырап қалды. Жадыра менен әудем жерде жүр. Мен ыдысты жерге қойдым да қарақаттан моншақ тоқи бастадым. Сабақтарын ақырын тесіп, келесі қарақатты сабағымен қоса өткізіп. Қазір біткесін Жадыраның мойынына тақпақпын.

Күн біршама жантайып қалыпты. Күздің қоңыр салқын лебі бетке ұрады. Сырт-сырт еткен дыбыс ойымды бөліп жіберген, бұрылып қарадым. Жадыра екен. Себеті толы, маған күлімдей қарап тұр.

– Мені апамдар шақырып жатыр. Қайтамыз дейді.

– Сен.. мен... не... мен.. саған моншақ тоқыдым. – Орынымнан көтерілдім. – Мойныңа тақсам бола ма?

– О, маған ба? – Дауысы көтеріңкі. – Әрине болады.

Оның иілген аппақ мойынына мен қарақаттан тоқылған моншақты кигізе қойдым. Қара жұмыстан жарылып кеткен саусағымды нәзік біткен мойынына "абайсыз" тигізіп алуды да ұмытпадым. Ол сезебеген сыңай танытты.

– Рахмет, моншағыңа.

– Оқасы жоқ. Сендер мәшинемен жүрсіндер ме?

– Аха, көкемнің.

– Менімен бірге қайтшы. Атқа мінгізем.

Екі себетті көтерген ол апасынан сұрануға жүгіріп кеткен. Мен алғашқы кезіккен қарақат түбіне тастай салған жүген мен құрғақ тоқымды алып құнанымды ұстауға беттедім. Міне, қырсық. Әншейінде жанына барғанда үндемей ғана тұра беретін қарагерімнің айдарынан жел есіп, маңайындағыларға пысқырына қарап қалыпты. Көзі шатынап тұр. Мен жақындағанда үркіп қаша жөнелмесі бар ма. Ал қу! Шоқырақтаған ол да жақындатпайды. Көзіме жас келіп қалған. Әй, боқтадым. Атымды. Айналшықтап ұстатпайды. Өткенде жүгері жинауға барғанда да өстіп бір ұстатпай үркіп қашқаны бар. Сонда ғой, ауылға дейінгі он екі шақырым бойына құнанымды ұстай алмай жаяу келгенім. Есіме сол түскенде сұрануға кеткен Жадырадан ұялдым. Боқтау былай қалды, мен енді атыма жалына бастадым. Сонда да көнбейді, неме.

Есімімді атаған дауыс жаққа жалт қарасам Жадыра тұр. Безгелдек, енді қайттім! Қос аяқтай секіріп анау да жақындатпайды. Жадыра қасыма таяп келген.

– Ұстатпай жүр ме?

– Ұстатпағанда не ғой, бағана мына жерден өтіп бара жатқандар үркітіп жібергенге ұқсайды. Содан жолатпай жатыр.

– Қане, мен көрейін. – Жадыра алақанын жыбырлата "мох, мох" деп атқа жақындады. Құнан жиырыла қарап, Жадыраға қырындау келіп алақанын иіскеді. Ол аттың маңдайынан сипалап, мойынын құшақтап маған ымдады. Кигізіп үлгердім әйтеуір. Жүгенді. Жыным қайнағандықтан жазаңды жолда берермін деген ойға бекідім.

Жадыраны артыма міңгестіріп алдым да "Жарқабақтың" ішімен тура тарттым. Ол болса менің белімнен құшақтай қысып алған. Қандай жақсы!

– Думан сені өлең жазады дейді ғой. Рас па?

– Елдер айта береді ғой. – Сырғақтай жауап бердім.

– Мен сенің кітапты көп оқитыныңды білем ғой, жазса жазатын шығар деп ойлап едім.

– Енді анау айтқандай мықты жазбайтын шығармын. Шамамның жеткенінше шимайлайтыным бар.

– Бәсе. – Ол біраз тосылып қалған. – Маған арнап өлең жазасың ба? – Қулана күлді.

– Саған арнап па? Жазам. Бүгінгі қарақат терген күніміздің өзі қандай әдемі, осы туралы жазам.

– Ендеше ертең үлкен үзіліс кезінде үшінші қабаттағы шеткі терезе алдында күтем.

Жадыра екеуміз түрлі күлдірмелер айтып, қызықты уақиғаларды әңгімелеп ауылға жеттік. Ауыл шетіндегі бейітке жақындаған кезде Жадыра көрген елден ұят болар деп аттан түсіп қалды. Жылы қоштасқанбыз.

"Қарақат тере барғанда" деген алғашқы жолын тақырып орынына қойдым да ертесінде мен оған өлеңімді апарып бердім. Уәделі уақытта, айтылған жерде...

* * *

Сол жылғы қысты есіме алғым келмейді. Жүрегім жылап қоя береді. Ойда жоқта Жадыра мектептің соңғы жылын бітірмей жатып ағамның досы Еркебұланға үйленді де кетті. Қораға кіріп алып әй жыладым-ай келіп. Қимастық сезім, балаң махаббат. Көктемді де көз көрді. Қамкөңіл кейіпте. Жетінші сыныпта оқып жүргем. Көктемді көргесін жылда асыға күтетін жазға да іліндім. Асықпай-ақ, сағынбай-ақ. Бір қайғым екеу болды: жазға салым Жадыра мен Еркебұлан айырылысып кетті. Қарыны қампайып үйінде жүрген Жадыраны көргенде жанарыма жиналған жасты ешкімге көрсетпей теріс бұрылып сылып түсемін. Ақыры шыдамадым. Шөп шабуға барғанда әкеме:

– Маған Жадыраны алып беріңізші, – дедім. Әкем таңырқай қараған.

– Қай Жадыраны?

Біздің ауылда бір ғана Жадыра бар. Советқалидың қызы. Әкем түсінді. Шет жағасын естіген де тәрізді. Бірақ сенбеген. Енді өз ауызымнан естіді. Үндемеді. Тоғызыншы шалғыны толғай тартып, бедені жапыра шауып менен ұзап кетті.

Түскі шайды сораптап ішіп отырған кезде әкем менің көзіме тіктеп қарады да мырс етіп күлді.

– Сен өзі әйел алуға жарап қалдың ба? – Тікенектей қатты қолымен басымнан сипаған. – Алдымен мектебіңді бітіріп ал, сосын қалаған қызыңды әперем.

Жүрегім қалаған қыздың менің мектеп бітіргенімді күтіп жүре алмайтынын әкем қайдан сезсін. Сол жылғы күз түпей-ақ Советқалидың үйі алыс аудан орталығына көшіп кеткен...

* * *

Концерттен көңілсіз шығып кеткем. Сол қолымның кішкентай бөбегінен қыса ұстаған ұлым ыңылдап ән айтып келеді екен...

Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ**
Бас редактор **– Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер **– Әділет МҰСАХАЕВ**
Газеттің эл.почтасы: **jar-aina@mail.ru**

➢ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢ Газет индексі - 65161
➢ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.
➢ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы қаласы,
Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис
Алматы облысы, Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №1265